

Қазақ тілін оқытуға арналған
бірлестік оқу-әдістемелік кешен

ОҚУЛЫҚ

Қазақ тілі

учебник

қарапайым деңгей

A1

элементарный уровень

Астана, 2016

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасының тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында шығарылды.

Издано по заказу Комитета по развитию языков и общественно-политической работы Министерства культуры и спорта Республики Казахстан в рамках государственной программы функционирования и развития языков на 2011-2020 годы.

Сарапшылар:

А.М. Алдаш, М.С. Жолшаева, З.С. Күзекова.

Қ Қазақ тілі. Қарапайым деңгей / Авторлары:

Г.Қ. Досмамбетова, А.К. Балабеков, А.Т. Бозбаева-Хунг, А.Д. Сейсенова

Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2016-268 бет.

Қ 17 ISBN 978-601-7504-38-0

Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгеруге арналған оқулық қазақ тіліндегі материалдарды тыңдап түсіну, оқып түсіну, қазақ тілінде жаза білу мен сөйлей білу қабілеттерін арттырады. Оқулық мазмұны он екі бөлімнен, әр бөлім екі сабақтан тұрады. Әр сабақта қарастырылған қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгерудің түрлі әдістері сенімді түрде сөйлеуге дағдыландырады, өйткені тілді қарапайым деңгейде меңгерудің материалдары толық қамтылған.

Оқулық қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде үйренушілерге, қазақ тілінің оқытушылары, әдіскерлеріне және жалпы оқырман қауымға арналған.

Учебник для изучения казахского языка на элементарном уровне развивает способности понимания услышанного и прочитанного на казахском языке материала, формирует навыки письменной и устной речи. Содержание учебника включает двенадцать разделов, каждый из которых изложен в двух уроках. Разнообразные методы, предложенные в ходе уроков, формируют навыки свободной коммуникации на элементарном уровне, так как содержание, достаточное для данного уровня охвачено в полной мере.

Учебник предназначен для изучающих казахский язык как иностранный или как второй язык, преподавателей и методистов, а также для широкого круга читателей.

МАЗМҰНЫ

I БӨЛІМ. ТАНЫСУ

- 1-сабақ. ТАНЫСУ 7
- *Менің атым – Арман.*
 - *Менің атым – Сергей.*
- 2-сабақ. ТАНЫСҚАНЫМА ҚУАНЫШТЫМЫН 15
- *Арай, танысып қой. Бұл менің досым – Самат.*
 - *Сәлем, Самат.*
 - *Сәлем!*

II БӨЛІМ. ОТБАСЫ

- 1-сабақ. ОТБАСЫ 24
- *Бұл – менің отбасым. Менің отбасым үлкен.*
- 2-сабақ. ЖАСЫ НЕШЕДЕ? 32
- *Менің анам 60 жаста, ал сіздің анаңыз неше жаста?*
 - *Менің анам 65 жаста.*

III БӨЛІМ. МЕКЕНЖАЙ

- 1-сабақ. СІЗ ҚАЙДА ТҰРАСЫЗ? 40
- *Мен Алматы қаласында тұрамын.*
- 2-сабақ. КЕШІРІҢІЗ, НЕШІНШІ ҮЙДЕ ТҰРАСЫЗ? 48
- *Отыз бесінші үйде тұрамын.*

IV БӨЛІМ. ЖҰМЫС

- 1-сабақ. МАМАНДЫҚ 56
- *Мен тілшімін.*
- 2-сабақ. ҚАЙДА ЖҰМЫС ІСТЕЙСІЗ? 64
- *Зауытта инженер болып істеймін.*

V БӨЛІМ. АЗЫҚ-ТҮЛІК

- 1-сабақ. ДҮКЕНДЕ 72
- *1 келі қант беріңізші.*
- 2-сабақ. АЗЫҚ-ТҮЛІК 81
- *Алма үш жүз теңге тұрады.*

VI БӨЛІМ. БОС УАҚЫТ

- 1-сабақ. БОС УАҚЫТ 89
- *Мен кітап оқимын.*
- 2-сабақ. БОС УАҚЫТТА НЕМЕН АЙНАЛЫСАСЫЗ? 98
- *Бос уақытымда теледидар көремін.*

VII БӨЛІМ. АУА РАЙЫ

- 1-сабақ. АУА РАЙЫ 105
- *Кеше күн ыстық болды.*
- 2-сабақ. АУА РАЙЫ ҚАЛАЙ? 114
- *Жаңбыр жауып тұр.*

VIII БӨЛІМ. КИІМ

- 1-сабақ. КИІМ 122
- *Мына көйлек неше теңге тұрады?*
- 2-сабақ. АРНАЙЫ КИІМДЕР 130
- *Бізде арнайы жұмыс формасы бар.*

IX БӨЛІМ. СҮЙІКТІ ІС ЖӘНЕ КӘСІП

- 1-сабақ. МЕНІҢ СҮЙІКТІ ІСІМ 138
- *Мен шахмат ойнауды жақсы көремін.*
- 2-сабақ. СҮЙІКТІ ІС ЖӘНЕ КӘСІП..... 149
- *Менің сүйікті ісім – кітап оқу.*

X БӨЛІМ. ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

- 1-сабақ. ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ 160
- *Арман күнде таңертең жүгіреді.*
- 2-сабақ. ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ..... 170
- *Сіздің ас мәзіріңіз қандай?*

XI БӨЛІМ. ӨНЕР

- 1-сабақ. БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ 182
- *Сіз қандай суретшілерді білесіз?*
- 2-сабақ. ӨНЕР ИЕЛЕРІ 190
- *Маған «Ғашық жүрек» фильміне екі билет беріңізші.*

XII БӨЛІМ. МЕРЕКЕЛЕР

- 1-сабақ. МЕРЕКЕЛЕР..... 201
- *Сізге қай мереке ұнайды?*
- 2-сабақ. ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МЕРЕКЕЛЕРІ..... 210
- *Мереке құтты болсын!*
- ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ..... 218
- СӨЗДІК ҚОР 241
- ТЫҢДАЛЫМ МӘТІНДЕРІ 252

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ тілін оқытуға арналған оқулық үздіксіз білім беру моделі арқылы «Қазақ тілін шетел тілі және екінші тіл ретінде оқыту» әдістемесі негізінде қазақ тілін меңгерудің бес деңгейі бойынша әзірленген. Оқулықта берілген грамматикалық материал мен сөздік қордың үйлесімділігі тіл үйренушіні сенімді түрде қазақ тілінде сөйлеуге дағдыландырады.

Әр бөлім негізгі лексикалық тақырып бойынша жеңілден күрделіге ұласатын ой қозғау, пікірін білдіру, өз ойын айту, сондай-ақ жаңа лексикалық қормен таныстыру, негізгі лексикалық тақырыпқа дайындық тапсырмаларын орындауға негізделген.

Грамматика бөлігінде қазақ тілі грамматикасының негізгі элементтері қарастырылып, сөйлеу әрекетіндегі қызметі түсіндіріледі. Өтілген грамматиканы бекіту мақсатында тыңдап түсіну мен оқып түсіну қабілетін қалыптастыруға бағытталған мәтіндерде сол грамматикалық элементтер берілген. Тыңдалым бөлігі тіл үйренушінің естігенін түсінуі мен оған қатысты тапсырмаларды еркін орындау дағдыларын дамытуға бағытталған. Оқылым бөлігінде ұсынылған материалдар тіл үйренушілердің өз пікірін білдіруіне, қандай да бір қорытынды жасауына мүмкіндік беретіндей қызықты әрі тартымды, танымдық мәні жоғары, күнделікті өмірмен тығыз байланысты болуына қарай сұрыптап алынған. Сабақ барысында танысқан жаңа сөздерді, грамматикалық материалды, дайын құрылымдарды тіл үйренушінің меңгергендігі Сөйлесім және Жазылым бөліктерінде бекітіледі.

Оқулықтың екінші басылымында алдыңғы жылдардың практикасына сәйкес тіл үйренушілердің пікірлеріне, әдіскерлер мен оқытушылардың ұсыныстарына көңіл бөлініп, әзірлемешілер тарапынан жаңа сабақтар қосылды. Әр сабақтың мақсатына қарай түрлі жаттығулар қалыптастырылды. Жаңа аудиоматериалдар әзірленді.

Екінші басылымға зор еңбек сіңірген Айдар Балабеков мырзаға, сарапшылар ретінде көмек қолын созған Зейнехан Күзекова, Айман Алдаш, Майра Жолшаева ханымдарға алғыс білдіреміз.

Қазақ тілін меңгеруге септігін тигізеді деген сеніммен ұсына отырып, сіздерге сәттілік тілейміз!

ПРЕДИСЛОВИЕ

Учебник, предназначенный для обучения казахскому языку, составлен на основе методики «Обучения казахскому языку как иностранному или как второму языку» по пяти уровням усвоения казахского языка. Сочетание грамматического материала со словарным фондом способствует формированию речевых навыков обучающихся языку.

В каждом разделе учебников лексические темы представлены по принципу «от простого к сложному», что позволяет строить собственные высказывания при выражении собственных мнений и мыслей. Наряду с этим предполагается знакомство с новой лексикой и выполнение подготовительных заданий, предвещающих основную лексическую тему.

В разделе Грамматика рассматриваются основные элементы грамматики казахского языка и их функции в речевой деятельности. В целях закрепления пройденного грамматического материала в текстах, направленных на формирование способностей слушания с пониманием и чтения с пониманием, представлены эти грамматические элементы.

Раздел Аудирование направлен на развитие навыков понимания прослушанного текста и свободного выполнения заданий к нему обучающимися языку. Материал, предложенный в разделе Чтение, имеет широкое познавательное значение и тесно связан с повседневной жизнью, интересные факты и притягательная форма повествования позволяет обучающимся языку выражать свое мнение и делать определенные выводы. Задания, представленные в разделах Говорение и Письмо, закрепляют грамматический материал, новые слова и готовые конструкции, усвоенные в ходе урока.

Во втором издании учебников, учитывая практику предыдущих лет разработчиками были добавлены новые уроки с учетом мнений обучающихся языку, предложений методистов и преподавателей. Были составлены различные упражнения в соответствии с целью каждого урока. Подготовлены новые аудиоматериалы.

Выражаем огромную благодарность за весомый труд для подготовки второго издания Айдар Балабекову, также Зейнехан Кузиковой, Айман Алдаш, Майра Жолшаевой, которые оказали большую помощь в качестве эксперта.

Надеемся, что наш учебник окажет содействие в овладении казахским языком. Желаем удачи!



БӨЛІМ

БІРІНШІ САБАҚ

ТАНЫСУ

- *Менің атым – Арман.*
- *Менің атым – Сергей.*

Грамматика:

- Есептік сан есім

ЕКІНШІ САБАҚ

ТАНЫСҚАНЫМА ҚУАНЫШТЫМЫН

- *Арай, танысып қой. Бұл менің досым – Самат.*
- *Сәлем, Самат.*
- *Сәлем, Арай.*

Грамматика:

- Есептік сан есім

1 - САБАҚ

ТАНЫСУ

1. 241-беттегі сөздермен танысыңыз.

Познакомьтесь со словами на странице 241.

2. Қажетті әріптерді қойыңыз.

Вставьте нужные буквы.

С__лем

Халі__із қалай?

б__р

С__леметс__з бе?

Халі__қалай?

ал__ы

С__леметсі__бе?

то__ыз

сег__з

__андай жа__алық бар?

ек__

жет__

Қалайсы__?

__ш

о__

Қалайсы__?

т__рт

бе__



3. Сөздерді ажыратыңыз.

Разграничьте слова.

СӘЛЕМ! СӘЛЕМЕТСІЗБЕ! СӘЛЕМЕТСІҢБЕ! ҚАЛАЙСЫҢ?
ҚАЛАЙСЫЗ? ХАЛІҢ ҚАЛАЙ? ҚАНДАЙ ЖАҢАЛЫҚ БАР? ХАЛІҢІЗ ҚАЛАЙ?

“

Сәлем!

”

4. Есте сақтаңыз. Қайталаңыз.

Запомните. Повторите.

МЕНИҢ	СЕНИҢ	СІЗДІҢ	ОНЫҢ
атым – ...	атың кім?	атыңыз кім?	аты – ...
халім жақсы	халің қалай?	халіңіз қалай?	халі жақсы

5. Толықтырыңыз.

Дополните.

атың — Арман — атым — Сергей

- Менің атым _____ Сенің _____ кім?

- Менің _____

Арман — атыңыз — атым — Сергей

- Менің _____ Сіздің _____ кім?

- Менің _____

аты — Сергей — атым — Арман

- Менің _____ Оның _____ кім?

- Оның _____

**6. Екеуара жұмыс. Диалог үлгісін толықтырыңыз.**

Работа в паре. Дополните образец диалога.

— _____

— _____

— Халіңіз _____?

— _____

— Сіздің _____?

— _____ атым - _____.

— Сәлем!

— _____

— Халің _____?

— _____.

— _____ атың _____?

— Менің _____ - _____

**7. Ойын тапсырма.**

Игровое задание.

1. Өз атыңызды үш студентке айтыңыз.

Скажите свое имя троим студентам.

2. Үш адамның атын сұраңыз. «Сіздің» сөзін қолданыңыз.

Спросите имена у троих студентов. Используйте слово «Сіздің».

3. Үш студенттің халін сұраңыз. «Сіздің» сөзін қолданыңыз.

Спросите у троих студентов как они поживают. Используйте слово «Сіздің».

4. Үш адамның аты және халі туралы басқа студентке айтыңыз. «Оның» сөзін қолданыңыз.

Расскажите имена троих студентов и их состояние другому студенту. Используйте слово «Оның».

5. Үш студентке хат жазыңыз, атын сұраңыз, халін сұраңыз. «Оның» сөзін қолданыңыз.

Напишите письма троим студентам. Спросите их имена и как их дела. Используйте слово «Сенің».

ОҚЫЛЫМ

1. Сәйкестендіріңіз.

Приведите в соответствие.

Менің	Сенің	Сіздің	Оның	Халің	Халіңіз	Не
□	□	□	□	□	□	□
□	□	□	□	□	□	□
қалай?	аты	жаңалық бар?	атым	атың	атыңыз	қалай?



Есте сақтаңыз!
Запомните!

МЕНІҢ	СЕНІҢ	СІЗДІҢ	ОНЫҢ
ЖҰМЫСЫМ	ЖҰМЫСЫҢ	ЖҰМЫСЫҢЫЗ	ЖҰМЫСЫ

2. Оқыңыз.

Прочитайте.

Е

Ескендір	Мереке	Ермек

Ә

Жәния	Әсел	Сәкен

І

Темірлан	Кәрім	Ілес

Һ

Қаһарман	Гауһар	Жауһар

3. Оқыңыз.

Читайте.

“Сәкен: – Сәлеметсіз бе, Ермек Қайратұлы!
Ермек: – Сәлеметсің бе, Сәкен! Халің қалай?
Сәкен: – Жақсы. Халіңіз қалай?
Ермек: – Жақсы. Сенің жұмысың қалай?
Сәкен: – Жақсы.
Ермек: – Қандай жаңалық бар?
Сәкен: – Жаңалық жоқ.
Ермек: – Ал менде жаңалық көп.”



“Әсел: – Сәлем, Кәрім!
Кәрім: – Сәлем, Әсел!
Әсел: – Қалайсың?
Кәрім: – Жақсы. Өзің ше?
Әсел: – Менде бәрі жақсы.
Кәрім: – Әсел, анау кім?
Әсел: – Ол – бірінші курс студенті.
Оның аты – Самал.”

“Үміт: – Сәлеметсіз бе, Жауһар Қасымқызы!
Жауһар: – Сәлеметсіз бе, Үміт Нұрланқызы!
Халіңіз қалай?
Үміт: – Жақсы. Ал сіздің жағдайыңыз қалай?
Жауһар: – Жақсы. Жұмысыңыз қалай?
Үміт: – Жақсы. Сіздің жұмысыңыз қалай?
Жауһар: – Жақсы.”



4. Диалог бойынша толтырыңыз.

Заполните по диалогу.

сөйлеуші	сөздері	сөздері	сөздері	сөздері
Сәкен				
Ермек				
Әсел				
Кәрім				
Үміт				
Жауһар				

ГРАММАТИКА

1. Ережемен танысыңыз.

Ознакомьтесь с правилом.

Есептік сан есім Имя числительное	219-бет
Неше? Қанша?	219 стр.

2. Тиісті сөзді жазыңыз.

Напишите нужные слова.

1 – бір 6 – _____
 2 – _____ 7 – _____
 3 – _____ 8 – _____
 4 – _____ 9 – _____
 5 – _____ 10 – _____

сегіз

тоғыз

екі

бес

он

алты

үш

жеті

төрт

~~бір~~

3. Тыңдаңыз. Қайталаңыз.

Прослушайте. Повторите.



№1



4. Жазыңыз.

Напишите.

10 – он 60 – _____
 20 – _____ 70 – _____
 30 – _____ 80 – _____
 40 – _____ 90 – _____
 50 – _____ 100 – _____

5. Жаттығыңыз. Сандарды айтыңыз.

Практикуйтесь. Назовите цифры.



6. Ойын тапсырма.

Игровое задание.

1. 1-ден 100-ге дейінгі кез келген 10 санды жазыңыз да екінші тіл үйренушіге көрсетіңіз. Ол қандай сан екенін тез айту керек.

1. Напишите любые десять цифр с 1-го до 100 и покажите второму обучающему. Он должен быстро и правильно произнести цифру.



Есте сақтаңыз!

Запомните!


..... неше теңге тұрады?

.....50 теңге тұрады.

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

1. Оқыңыз.

Прочитайте.



2. Топтық жұмыс.

Работа в группе.

Біреуіңіз аудиторияда қалыңыз. Басқаларыңыз аудиториядан шығыңыздар. Аудиторияға кірерде керекті сөйлесім үлгісін пайдаланыңыздар.

Один из вас остается в аудитории. Остальные должны выйти из аудитории. При входе в аудиторию, используйте нужные образцы речевых высказываний.



ТЫҢДАЛЫМ

1. Тыңдаңыз және жазыңыз.

Слушайте и пишите.



№2



		
1. <u>Әсем</u>	2. _____	3. _____
		
4. _____	5. _____	6. _____
		
7. _____	8. _____	9. _____

2. Тыңдаңыз және бос орынды толтырыңыз.

Прослушайте и дополните пропуски.



№3



<i>Сәлеметсіз бе!</i>	<i>Сәлем, Арай!</i>
<i>Сәлеметсіз бе!</i>	<i>Сәлем, Қайрат!</i>
<i>Халіңіз қалай?</i>	_____?
<i>Жақсы.</i>	<i>Жақсы. _____ ше?</i>
<i>Сіздің _____ кім?</i>	<i>Жақсы. Арай, танысып қой, бұл – _____ досым. _____ аты – Самат.</i>
<i>Менің _____ – Әсем. _____ атыңыз кім?</i>	<i>_____, Самат!</i>
<i>Менің _____ – Жасұлан.</i>	
<i>Жұмысыңыз _____?</i>	

3. Сандарды тыңдаңыз және жазыңыз.

Прослушайте цифры и напишите их



№4



○ <i>Бес</i>
○ _____
○ _____
○ _____
○ _____

СӨЙЛЕСІМ

1. Берілген сөздерді қолданып, екеуара сұхбат құрыңыздар.

Составьте диалог используя слова.

Халің қалай?	Қалайсың?	Қандай жаңалық бар?	Жаман емес.	Жақсы.	Халіңіз қалай?
--------------	-----------	---------------------	-------------	--------	----------------

ЖАЗЫЛЫМ

1. Амандасу үлгісімен толықтырыңыз.

Дополните предложения по образцу приветствия.

Достар	Әріптестер	Таныс емес адамдар
Сәлем		

2. Толықтырыңыз.

Дополните.

Менің _____ Сенің _____ Сіздің _____
 Қандай _____ бар? Халіңіз _____ ? Оның _____ кім?
 Жұмысыңыз _____ ? _____ қалай? _____ қалай?

2

- САБАҚ

ТАНЫСҚАНЫМА ҚУАНЫШТЫМЫН

1. 241-беттегі сөздермен танысыңыз.

Познакомьтесь со словами на странице 241.

2. Тиісті әріптерді қойыңыз.

Вставьте нужные буквы.

_менің

сені__

б__л


к__м

а__

Тан__сып __ой.

Тан__сып __ойы__ыз.

Танысы__ы__.



3. Сөздер мен сөйлемдерді кесте бойынша бөліңіз.

Разделите по таблицам.



Сұрақ	Жауап	Рұқсат	Танысу

4. Сәйкестендіріңіз.

Подберите соответствие.

Сәлем!	☐	☐ Жаман емес.
Қалайсың?	☐	☐ Менің атым– Арман.
Сенің атың кім?	☐	☐ Иә, болады/ Жоқ, болмайды.
Оның аты кім?	☒	☐ Сәлем!
Не жаңалық бар?	☐	☐ Иә, болады/ Жоқ, болмайды.
Танысып қойыңыз	☐	☐ Сәлеметсіз бе!
Кіруге бола ма?	☐	☐ Оның аты– Самал.
Шығуға бола ма?	☐	☐ Жаңалық жоқ.
Сәлеметсіз бе!	☐	☐ Жақсы.
Халіңіз қалай?	☐	☐ Танысқанымға қуаныштымын.

5. Интербелсенді жұмыс. Бір тіл үйренуші ортаға шығады. Басқалары төмендегі сұрақтарды қояды.

Интерактивная работа. С одной группы выходит один обучаемый. Остальные задают ниже приведенные вопросы.

Үлгі: Сәлем! – Сәлем! Сәлеметсіз бе!

Сәлем!

алайсы ?

Сені аты кім?

Неше?

Шы у а бола ма?

Сізді аты ыз кім?

Кіруге бола ма?

андай жа алы бар?

Халі із алай?

Ж мысы ыз алай?

Оны аты кім?

Сәлеметсіз бе!

ОҚЫЛЫМ



Есте сақтаңыз!
Запомните!

Сау бол! Сау болыңыз!

1. Оқыңыз.
Прочитайте.

1 Сәлем, қыздар!

2 Жақсы. Сен ше?

3 Жаңалық көп.

Жақсы. Не жаңалық бар?

Танысып қой, бұл – Аружан.

Сәлем, Сәкен. Қалайсың?

Сәлем! Аружан. Танысқанымна қуаныштымын!

1 Сәлеметсіз бе, Нұрлан!

2 Жақсы. Сен ше?

Танысып қойыңыздар.

Менің атым – Әділ. Танысқанымна қуаныштымын.

3 Халіңіз қалай?

4 Нұрлан, жұмысыңыз қалай?

Жақсы. Рақмет!

Жақсы. Рақмет!

1 Амансыз ба, әже!

2 Халіңіз қалай?

3 Иә, жақсы.

Жақсы. Өзің қалайсың, қызым?

Жақсы, қарағым.

Жаман емес.

Сабағың қалай? Жақсы ма?

2. Сөздер қай суретке сәйкес келеді?

Соедините фотографии с репликами.



☐ Көргеніме қуаныштымын!

☐ Жолыңыз болсын!

☐ Халің қалай, балам?

☒ Сәлем, Айбек!

☐ Сәлеметсіз бе, Ольга!

☐ Жұмысыңыз қалай?





☐ Танысқаныма қуаныштымын!

☐ Кездескенше, қыздар!



3. Оқыңыз.

Прочитайте.



ГРАММАТИКА

1. Ережемен танысыңыз.

Ознакомьтесь с правилом.

Сан есім Имя числительное	219-бет
Қанша? Неше?	219 стр.



Есте сақтаңыз!
Запомните!


Менің нөмірім	Сіздің нөміріңіз
Сенің нөмірің	Оның нөмірі

2. Телефон нөмірін жазыңыз.

Напишите номера телефона.



Менің атым – Сырым.
Менің телефон нөмірім
2-22-35-30



Менің атым – Самал.
Менің телефон нөмірім
2-72-40-55



Менің атым – Дана.
Менің телефон нөмірім
2-46-21-15



Менің атым – Дәулет.
Менің телефон нөмірім
2-80-63-16

Сырым - - - - -
Самал - - - - -
Дана - - - - -
Дәулет - - - - -

3. Жауап беріңіз.

Ответьте на вопросы.

Сізде үй телефоны бар ма?

Иә, _____

Нөміріңіз қандай?

_____ - _____ - _____

4. Оқыңыз. Санмен жазыңыз.

Прочитайте. Напишите цифры.

жүз он бір: _____ жүз қырық сегіз: _____ жүз жетпіс бес: _____
 жүз жиырма төрт: _____ жүз елу жеті: _____ жүз сексен екі: _____
 жүз отыз алты: _____ жүз алпыс тоғыз: _____ жүз тоқсан төрт: _____

5. Жаттығыңыз.

Практикуйтесь.

Мені _____ ялы телефон н _____ мірім – 87026805507

8

702

680

55

07

сегіз

жеті ж з екі

алты ж з сексен

елу бес

н л жеті

6. Үш адамнан нөмірін сұраңыз. Сөзбен жазыңыз.

Спросите у трех слушателей номер телефона. Напишите словами.

Сізді _____ ялы телефон н _____ мірі _____ із _____ андай?

**Есте сақтаңыз!**

Запомните!

Өрт сөндіру
қызметі**101**

Полиция

**102****103**

Жедел жәрдем

Газ қызметі

**104**Құтқару
қызметі**112**

7. Жауап беріңіз.

Ответьте.

1. Өрт сөндіру қызметінің нөмірі неше?
2. Полицияның нөмірі неше?
3. Жедел жәрдем қызметінің нөмірі неше?
4. Газ қызметінің нөмірі неше?
5. Құтқару қызметінің нөмірі неше?

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

1. Суретке сәйкес сөйлемді жазыңыз.

Напишите предложения, соответствующие картинкам.

Сәлем! Таныс болайық. / Менің атым – Нұржан. / Кіруге бола ма?



Сәлем! Таныс болайы .



ТЫҢДАЛЫМ

1. Тыңдаңыз. Керек сөзді жазыңыз

Прослушайте и впишите нужные слова.




№5



жаман емес, атым, қалай, қойыңыздар, Танысқаным

- Максим: – Сәлеметсіз бе, Ольга!
 Ольга: – Сәлеметсіз бе, Максим!
 Максим: – Халіңіз _____?
 Ольга: – _____. Өзіңіздің ше?
 Максим: – Жақсы. Танысып _____.
 Виктор: – Сәлеметсіз бе! Менің атым – Виктор.
 Ольга: – Менің _____ – Ольга.
 _____ қуаныштымын.
 Виктор: – Мен де қуаныштымын.



2. Тыңдаңыз. Диалогте жоқ сөздерді табыңыз.

Прослушайте. Найдите слова, которых не было в диалоге.



№6



СӨЙЛЕСІМ

1. Топтық жұмыс. Амандасыңыздар, танысыңыздар, қоштасыңыздар.

Работа в группе. Приветствуйте, знакомьтесь, прощайтесь друг с другом.


а.



Батырхан Сәуле Ержан

Ержан: Сәлеметсіз бе!
Сәуле: Сәлеметсіз бе!
Ержан: Танысып ойы ыз.
Батырхан: Мені атым – Батырхан.
Сәуле: Сәлеметсіз бе, Батырхан!
Ержан: Сау болы ыз!
Сәуле: Сау болы ыз, Ержан!

ә.



Таңат Ғалия апай Еркежан

б.



Ырысбек Нұржан Асқар


ЖАЗЫЛЫМ

1. Амандасу, танысу, қоштасу үлгілерін пайдаланып, диалог құраңыз.

Составьте диалог, используя образцы приветствия, знакомства и прощания.



Blank space for writing the dialog.



БӨЛІМ

БІРІНШІ САБАҚ

ОТБАСЫ

Бұл – менің отбасым. Менің отбасым үлкен.

Грамматика:

- Тәуелдік жалғау.

ЕКІНШІ САБАҚ

ЖАСЫ НЕШЕДЕ?

- Менің анам 60 жаста, ал сіздің анаңыз неше жаста?
- Менің анам 65 жаста.

Грамматика:

- Тәуелдік жалғау.
-

1 - САБАҚ

ОТБАСЫ

1. Дыбыстарды қайталаңыз.

Повторите звуки.

Ә

І

Һ

2. 242-беттегі сөздермен танысыңыз.

Познакомьтесь со словами на странице 242.

3. Топтық жұмыс. 1 минут ішінде отбасы мүшелерін жазыңыз.

Работа в группе. За 1 минуту напишите о членах семьи.

ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ

1. Ama
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____



4. Сурет пен сөзді сәйкестендіріңіз.

Соедините рисунки с соответствующим словом.


☐

ұл

☐
☐

аға

☐
☐

ана

☐
☐

әке

☐
☐

қыз

☐
☐

отбасы

☐
☐

ата

☐
☐

әже

☐

☐

5. Тыңдаңыз. Жазыңыз.

Прослушайте. Напишите.



№7



_____ әже _____ ана _____
 _____ іні _____ сіңлі _____ ұл

1. Жауап беріңіз.

Ответьте.

1. Отбасыңызда неше адам бар?
2. Сіздің ағаңыз бар ма?
3. Сіздің ініңіз бар ма?
4. Сіздің әпкеңіз бар ма?
5. Сіздің қарындасыңыз бар ма?
6. Сізге үлкен отбасы ұнай ма немесе шағын отбасы ұнай ма? Неге?



2. Оқыңыз.

Прочитайте.



Арман: Саша, танысып қой. Бұл – менің отбасым. Мынау – менің әкем. Оның аты – Өмірбек. Бұл – менің анам. Оның аты – Үміт. Бұл – менің әпкем. Оның аты – Ғалия.

Саша: Менің атым – Саша. Танысқаныма қуаныштымын.

Өмірбек: Саша, сабағың қалай?

Саша: Жақсы, рақмет! Сіздің жұмысыңыз қалай?

Өмірбек: Жаман емес.

Ғалия: Саша, сенің отбасыңда кімдер бар?

Саша: Менің анам, әкем, атам бар, бірақ әжем жоқ. Екі інім және бір қарындасым бар.

Ғалия: Қарындасыңның аты кім?

Саша: Оның аты – Катя.

Үміт: Саша, шай ал.

Саша: Рақмет, шайыңыз өте дәмді екен!

Үміт: Рақмет, балам!

3. Сөйлемдер құраңыз.

Составьте предложение.

жұмысыңыз – бар
анам атам
жоқ қой аты
танысып Менің
әкем
қарындасыңның қалай?

кім?

Жұмысыңыз қалай?

Саша

әжем

бірақ

Сіздің

4. Арман мен Сашаның отбасы мүшелерін белгілеңіз.

Отметьте членов семьи Армана и Саша.

Кім бар, кім жоқ?

	Бар	Жоқ
Атасы	☐	☒
Әпкесі	☐	☐
Қарындасы	☐	☐
Інісі	☐	☐

	Бар	Жоқ
Анасы	☐	☐
Қарындасым	☐	☐
Әжесі	☐	☐
Атасы	☐	☐

5. Екеуара жұмыс.

Работа в паре.

*Бір-біріңізге сұрақ қойыңыз. Жауап толық болу керек.
Задайте друг другу вопросы. Ответ должен быть полным.*






1. Арманның отбасы үлкен бе?
2. Арманның анасы бар ма?
3. Арманның інісі бар ма?
4. Арманның әпкесі бар ма?
5. Сашаның қарындасы бар ма?
6. Сашаның бір інісі бар ма?
7. Сашаның атасы бар ма?
8. Сашаның ағасы бар ма?



Үлгі: *Иә, Арманның анасы бар.*

6. Оқыңыз.

Прочитайте.

Ө	 Өскемен	 Көкшетау	 Ақтөбе
Ү	 Үржар	 Түркістан	 Күршім
Қ	 Арқалық	 Ақсай	 Қаскелең
О	 Орал	 Қостанай	 Қызылорда

ГРАММАТИКА

1. Ережемен танысыңыз.

Ознакомьтесь с правилом.

Тәуелдік жалғау
Притяжательная форма

220-бет

Бұл – менің әжем.
Оның аты – Жамал.

220 стр.

2. Сөз тіркестерін құраңыз.

Составьте словосочетания.

Менің балам.

менің / оның

балам, ағасы, әкем, атам, інісі, қарындасы, әжем, әпкесі, ұлым, қызым, баласы, отбасым, ағам, сіңлісі.

3. Алмастырыңыз.

Замените слова.

менің → оның

1. Бұл – менің қарындасым.

Бұл – оның қарындасы.

2. Бұл – менің сіңлім.

3. Бұл – менің әпкем.

4. Менің атым – Бексұлтан.

5. Бұл – менің інім.

6. Менің отбасым бар.

7. Менің атым – Жомарт.



4. Сөйлем құраңыз.

Составьте предложения.

1. Ажар/менің/ана	<u>Ажар – менің анам.</u>
2. әже/Ұлпан/менің	_____
3. Қайырбек/оның/ата	_____
4. Әсел/қарындас/менің	_____
5. Әсел/ат/оның	_____
6. Асхат/менің/ат	_____
7. сіңлі/оның/Динара	_____
8. Қайрат/іні/оның	_____
9. Асан/ұл/менің	_____
10. Жанар/әпке/оның	_____

5. Сөйлем құраңыз.

Составьте предложения.

менің / оның

			
1	2	3	4
Атам, Асқар Исаұлы	әжесі, Үміт	інісі, Асан	ағам, Қанат
			
5	6	7	8
Әпкем, Әлима	Ұлжан, қарындасы	Әсел, сіңлісі	Өмірбек, әкем

1. Бұл – менің атам. Оның аты – Асқар Исаұлы.

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

6. _____

7. _____

8. _____

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...


1. Оқыңыз.

Прочитайте.

а.

Апай, кешіріңіз,
шығуға бола ма?


Иә, болады.



ә.

Апай, кешіріңіз,
шығуға бола ма?

Жоқ, болмайды.



2. Сөздерді сәйкестендіріңіз.

Соедините слова.

Сау ☐

Кіруге ☐

Шығуға ☐

Сәлеметсіз ☐

Жоқ, ☐

Иә, ☐

Күте ☐

☐ бола ма?

☐ болмайды.

☐ тұрыңыз.

☐ болады.

☒ болыңыз.

☐ бола ма?

☐ бе?

ТЫҢДАЛЫМ

1. Сандарды тыңдаңыз және жазыңыз.

Прослушайте цифры и запишите их.



№8



Жиырма,

2. Тыңдаңыз. Қай сурет сәйкес келеді?

Прослушайте.Какая картинка подходит?



№9



3. Қайта тыңдаңыз. Айтылмаған тіркестерді табыңыз.

Прослушайте еще раз и найдите несоответствующие фразы.

☐ Бұл менің – ағам.

☐ Алло, Катя.

☐ Оның аты – Лида.

☐ Мынау ма?

☐ Қайсы бала?

☐ Халің қалай?

☐ Көруге бола ма?

☐ Бұл – оның күйеуі.

☐ Оның аты - Александр.

☐ Оның аты – Саша.

☐ Бұл кім?

☐ Қалайсың?

☐ Танысып қой!

СӨЙЛЕСІМ

1. Екеуара жұмыс. Диалог құраңыз. Берілген құрылымдарды пайдаланыңыз.

Сіз досыңыздың үйіне қонаққа келдіңіз. Досыңыз өз отбасын таныстырып жатыр. Әр отбасы мүшесі өз атын айтуы тиіс.

Работа в паре. Составьте диалог. Вы пришли в гости к своему другу. Он знакомит вас с членами своей семьи. Каждый из них должен сказать свое имя.

Сәлеметсің бе! / Сәлеметсіз бе!
Танысып қой. / Танысып қойыңыз.
Бұл – менің
Оның аты –
Менің атым –



2. Төмендегі адамдар туралы ақпарат беріңіз.

Расскажите про этих людей, используя информации

Үлгі: *Марат - «Оның ағасы бар. Оның аты – Айдар»*



Қыз, күйеу, екі ұл,
әпке, іні, әке, ана



Аға, іні, ата, әже,
ана, әке, әпке



Екі ұл, бір қыз,
жұбай, ана, әке, әже,
2 іні, бір қарындас



Екі ұл, 2 аға, бір іні,
ата, әже, ана, әке

Қазақ есімдері	
Ер адамдар	Әйел адамдар
Қайрат, Самат, Дархан, Ғалымжан, Қуандық, Арман, Медет, Нұрдан, Дулат, Мадияр, Мейрамбек, Данат, Шыңғыс, Талғат.	Бақыт, Назгүл, Ғалия, Раушан, Жанар, Сәуле, Айжан, Алмагүл, Динара, Айнаш, Гүлжан, Кәмшат, Әлия, Құндыз

ЖАЗЫЛЫМ

1. Суреттегі отбасы туралы шағын мәтін жазыңыз.

Напишите небольшой текст о семье, используя рисунок.



2 - САБАҚ

ЖАСЫ НЕШЕДЕ?

1. Дыбыстарды қайталаңыз.

Повторите звуки.

Ә	І	Һ
әпке	іні	жиһаз
ән	ірімшік	Ғайһар
әдемі	іс	шаһар

2. 242-беттегі сөздермен танысыңыз.

Познакомьтесь со словами на странице 242.

3. Сөздерді табыңыз.

Найдите слова.

С	Е	К	С	Е	Н	1. отбасы 2. үлкен 3. тату 4. кіші 5. шағын 6. жас 7. сексен 8. тоқсан 9. неше 10. алпыс
Ш	А	Ғ	Ы	Н	Ұ	
Т	Қ	Ж	А	С	Ү	
Ө	Ғ	Б	А	Є	Ы	
Қ	А	Ү	Һ	Н	Ө	
С	Л	Л	Л	Е	Ң	
А	П	К	І	Ш	І	
Н	Ы	Е	І	Е	Ғ	
Ұ	С	Н	Ә	І	Ң	
Т	А	Т	У	Ү	Ұ	

4. Толықтырып жазыңыз.

Дополните предложения.

Бұл кім?

			
Бұл – менің <u>інім</u> .	Бұл – менің _____.	Бұл – оның _____.	Бұл – оның _____.

5. Олар неше жаста? Айтыңыз, сұраңыз.

Сколько им лет? Расскажите и спросите.

Үлгі: – *Менің анам 60 жаста, ал сіздің анаңыз неше жаста?*
 – *Менің анам 65 жаста.*

Менің анам жаста,
 Менің әкем жаста,
 Менің ағам жаста,
 Менің інім жаста,
 Менің әпкем жаста,
 Менің қарындасым жаста,
 Менің әйелім жаста,
 Менің жолдасым жаста,

сіздің анаңыз неше жаста?
 сіздің әкеңіз неше жаста?
 сіздің ағаңыз неше жаста?
 сіздің ініңіз неше жаста?
 сіздің әпкеңіз неше жаста?
 сіздің қарындасыңыз неше жаста?
 сіздің жұбайыңыз неше жаста?
 сіздің күйеуіңіз неше жаста?

6. Сөздерді тыңдаңыз және қайталаңыз.
Слушайте слова и повторяйте.

№10



ОҚЫЛЫМ

1. Сіз қалай ойлайсыз?

Как вы думаете?

Үлгі: Менің ойымша, Мараттың екі баласы бар. Оның үлкен баласы 5 жаста, кіші баласы 3 жаста.



Менің ойымша, Сәкеннің.....

Менің ойымша, Бүркіттің.....

Менің ойымша, Нұрланның.....

Керек сөздер:

ана, әке, әже, ата, іні, қарындас, әпке, жұбай, ұл, қыз, аға, ағайын, бауыр, ... жаста.

2. Оқыңыз.

Прочитайте.

- Сәлеметсіз бе, Бүркіт!
- Сәлеметсіз бе!
- Қош келдіңіз!
- Рақмет!
- Жұмысыңыз, отбасыңыз қалай?
- Рақмет, бәрі жақсы.
- Отбасыңыз туралы айтып берсеңіз.
- Менің отбасым шағын. Менің анам, әкем және екі ағам, бір әпкем бар. Менің жұбайым бар. Оның аты – Аиша. Ол – әдемі және ақылды әйел. Менің екі балам бар. Олар сүйкімді және сондай тәтті.
- Рақмет! Келесі сұрақ



<http://alashainasy.kz>



Нұрлан Әлімжан – әртіс, әнші, жүргізуші. Отбасы үлкен. Анасы, әкесі, жұбайы және екі ұлы, бір қызы бар. Үлкен ұлы – романтик, кіші ұлы – реалист, қызы – ерке.

www.asia-inform.kz





Сәкен Майғазиев – әнші, продюсер. Отбасы үлкен. Он ағайынды. Бір ұлы және екі қызы бар. Жұбайы – Динара, ұлы Әділет – 18 жаста, қызы Райана – 3 жаста, Мәриям – 1 жаста.

www.kk.wikipedia.org



3. Белгілеңіз.

Отметьте.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Бүркіттің отбасы үлкен.		✓
Сәкеннің отбасы шағын.		
Бүркіттің екі баласы бар.		
Нұрланның екі ұлы бар.		
Бүркіттің екі ағасы бар.		
Сәкен тоғыз ағайынды.		
Нұрланның үлкен ұлы – романтик.		
Бүркіттің жұбайы – Аиша.		
Бүркіттің бір әпкесі, екі ағасы бар.		
Нұрланның кіші ұлы – реалист.		
Сәкеннің үлкен ұлы – 18 жаста.		
Сәкеннің кіші қызы – 1 жаста.		
Нұрланның әкесі, анасы бар.		

4. Жауап беріңіз.

Ответьте на вопросы.

Үлгі:

– Бүркіттің анасы бар ма?

– Иә, оның анасы бар.

– Бүркіттің атасы бар ма?

– Жоқ, оның атасы жоқ.

1. Нұрланның үш баласы бар ма?
2. Бүркіттің жұбайы бар ма?
3. Бүркіттің екі ағасы бар ма?
4. Нұрланның екі ұлы бар ма?
5. Сәкеннің екі қызы бар ма?

6. Бүркіттің әпкесі бар ма?
7. Нұрланның атасы бар ма?
8. Сәкеннің бір ұлы бар ма?
9. Бүркіттің бір ұлы бар ма?
10. Сәкеннің жұбайы бар ма?

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

- Кешіріңіз, аялдама қай жерде?
- Аялдама көшенің арғы бетінде.



- Айтыңызшы, бұл Кенесары аялдамасы ма?
- Иә.
- Рақмет!



ГРАММАТИКА

1. Ережемен танысыңыз.

Ознакомьтесь с правилом.

Тәуелдік жалғау
Притяжательное окончание

220-бет

Бұл – сенің телефоның.
Сіздің атыңыз кім?

220 стр.

2. Қажетті сөзді қойыңыз.

Вставьте нужные слова.

1. менің <u>ағам</u>	қарындасың інісі менің оның ағам күйеуіңіз	7. сенің _____	аты-жөні жолдасың менің атыңыз ноутбугі сіздің
2. сенің _____		8. сіздің _____	
3. _____ әпкем		9. _____ сіңліңіз	
4. сіздің _____		10. оның _____	
5. _____ әйелі		11. _____ телефоным	
6. оның _____		12. оның _____	

3. Алмастырыңыз.

Замените слова.

менің —→ сенің

1. Бұл – менің әріптесім.

Бұл – сенің әріптесің.

2. Менің атым – Нұрбол.

3. Бұл – менің күйеуім.

4. Бұл – менің отбасым.

5. Бұл – менің балам.

6. Менің отбасым үлкен.

4. Алмастырыңыз.

Замените слова.

сенің —→ сіздің

1. Бұл – сенің ұлың.

Бұл – сіздің ұлыңыз.

2. Бұл – сенің қызың.

3. Сенің атың кім?

4. Бұл – сенің отбасың.

5. Бұл – сенің анаң.

6. Сенің атың – Назгүл.

5. Қажетті сөзді қойыңыз.

Вставьте нужные слова.



жұбайы, 30



күйеуі, 40



ата, 80



аға, 35

1. Бұл – сіздің жұбайыңыз. Ол 30 жаста.

2. Бұл кісі – менің _____. Ол _____ жаста.

3. Бұл кісі – сіздің _____. Ол _____ жаста.

4. Бұл кісі – сенің _____. Ол _____ жаста.

6. Сандарды сөзбен жазыңыз.

Напишите цифры словами.

68	<u>алтыс сегіз</u>	96	
77		12	
89		24	
45		37	
59		41	


ТЫҢДАЛЫМ

1. Тыңдаңыз. Әңгіме кім туралы болды?

Прослушайте. О ком была речь?



№11

Серік Сәпиев,
33 жастаГеннадий Головкин,
34 жастаАлексей
Полторанин,
29 жастаЖақсылық
Үшкемпіров,
65 жаста

2. Қайта тыңдаңыз. Кестені толтырыңыз.

Прослушайте повторно. Заполните таблицу.



№11

Аты-жөні:

Жасы:

Анасы, әкесі:

Жұбайы, аты:

Ұлы, аты:

Бауырлары:

3. Тыңдаңыз. Андрейдің отбасы туралы айтыңыз.

Слушайте и расскажите про семью Андрея.



№12




СӨЙЛЕСІМ

1. Досыңыздың отбасы туралы айтып беріңіз.

Расскажите о семье вашего друга.

2. Сызбаның мазмұны арқылы диалог құрыңыз.

Используя схему составьте диалог.



ЖАЗЫЛЫМ

1. Отбасыңыз туралы шағын мәтін жазыңыз.

Напишите небольшой текст о своей семье.



БӨЛІМ

БІРІНШІ САБАҚ

СІЗ ҚАЙДА ТҰРАСЫЗ?

Мен Алматы қаласында тұрамын.

Грамматика:

- Жатыс септік

ЕКІНШІ САБАҚ

КЕШІРІҢІЗ, НЕШІНШІ ҮЙДЕ ТҰРАСЫЗ?

Отыз бесінші үйде тұрамын.

Грамматика:

- Сұраулық шылаулар

1 - САБАҚ

СІЗ ҚАЙДА ТҰРАСЫЗ?

1. Дыбыстарды қайталаңыз.

Повторите звуки.

Ы	Ұ	Ң
ыдыс	ұя	ертең
қыс	құс	қоңыр
мысық	құрт	жаңбыр

2. 242-беттегі сөздермен танысыңыз.

Познакомьтесь со словами на странице 242.

3. Сөз бөліктерін дұрыс сәйкестендіріңіз.

Соедините правильно части слов.

А	Танысу	Отбасы	Мекенжай

Қажет сөздер:

таныс болыңыздар	47 пәтер -	жолдас	тұрамын	сәлем
Төле би ауданында	қуаныштымын	менің атым	тату	шағын
Абылайхан даңғылында	жұбай	ағайынды	Сәлеметсіз бе!	Абай көшесінде

Ә	Кім?	Қайда?	Қанша? Неше?

Қажет сөздер

ауылда	аялдамада	қыз	Астанада	көшеде
қырық үш	Ақтау қаласында	сексен жеті	қарындас	сіңлі
ұл	он төрт	жиырма	әпке	отыз



Есте сақтаңыз!

Запомните!

МЕН	СЕН	СІЗ	ОЛ
тұрамын	тұрасың	тұрасыз	тұрады

4. Ойын тапсырма.

Игровое задание.

Шарты:

1. Үш топқа бөлініңіздер.
2. Бір топта үш адам болу керек.
3. Барлық сөздерді қолдану керек.

Ереже:

1. 1-топтың бірінші ойыншысы бастайды.
2. 2 және 3-топ ойыншылары жалғастырады.
3. Қате айтқан ойыншы ойыннан шығады.

Нәтиже:

1. Қай топта көп ойыншы қалады, сол топ жеңеді.

Іске сәт!!!**Условия:**

1. Разделитесь на три группы.
2. В группе должен быть по три человека.
3. Использовать все слова.

Правила:

1. Начинает первый игрок первой команды.
2. Игроки 2 и 3-й группы продолжают.
3. Если игрок ошибается или использует не правильное слово, то игрок выбывает из игры.

Результат:

1. Победит та группа, где остается больше игроков.

Удачи!!!**Үлгі:/Пример:**

Бірінші ойыншы (1-топ)	Бірінші ойыншы (2-топ)	Бірінші ойыншы (3-топ)
Менің	атым	Қайрат

Керек сөздер:

атым—	Қандай	үлкен	Менің	қалай?	жасың
Менің	Сенің	Сіздің	жұмысыңыз	жақсы.	отбасым
кім?	бар?	жаңалық	жұмысым	нешеде?	ұлым
Сенің	нешеде?	жасым	Менің	Оның	бар.
Оның	35-те.	жасы	25-те.	Мен	Мен
Менің	жасы	шағын.	Менің	тұрамын.	Бұл –
Сен	Алматыда	қайда	тұрасың?	тұрады.	менің
Наурызбай	тұрамын.	ауылда	әпкем.	Ол	Қайрат
көшесінде					

5. Сандарды сөзбен жазыңыз.

Напишите цифры словами.

200 – екі жүз

800 – _____

900 – _____

450 – _____

670 – _____

590 – _____

ОҚЫЛЫМ

Есте сақтаңыз!
Запомните!

Мен	Сен	Сіз	Ол
инженер			
болып жұмыс істеймін	болып жұмыс істейсің	болып жұмыс істейсіз	болып жұмыс істейді

1. Сәйкестендіріңіз.

Соедините.

Менің		қаласында
Оның		тұрамын
жасым		фирмада
Алматы		аты
Әуезов көшесінде		аты-жөнім
жекеменшік		болып жұмыс істеймін
инженер		отыз бесте
Менің ата-анам		Атырауда тұрады
Үлкен		ағам
мемлекеттік		университетінде оқиды
Назарбаев		сыныпта оқиды
бірінші		мекемеде

2. Топтық жұмыс. Сіздер қалай ойлайсыздар?

Работа в группе. Как вы думаете?

Асқар Өмірбекұлы	Біздің ойымызша, Асқар Өмірбекұлы Астанада тұрады. Ол отыз бес жаста. Ол мұғалім болып жұмыс істейді.
жұбайы	Біздің ойымызша, оның жұбайы ...
ағасы	Біздің ойымызша, оның ағасы ...
інісі	Біздің ойымызша, оның інісі ...
қарындасы	Біздің ойымызша, оның қарындасы ...
ата-анасы	Біздің ойымызша, оның ата-анасы ...
ұлы	Біздің ойымызша, оның ұлы ...
қызы	Біздің ойымызша, оның қызы ...

Қажет сөздер: емхана, дәрігер, университет, мұғалім, студент, мектеп, оқушы, маман, мемлекеттік мекеме, Астана, Алматы, Шымкент, отыз, отыз бес, жиырма, алпыс, алпыс бес, он, жеті.

3. Оқыңыз.

Прочитайте.

“

Менің аты-жөнім – Асқар Өмірбекұлы. Жасым отыз бесте. Мен Алматы қаласында, Әуезов көшесінде тұрамын. Мен жекеменшік фирмада инженер болып жұмыс істеймін.


Менің отбасым – шағын. Менің жұбайым отыз төрт жаста. Оның аты – Сәуле. Ол жекеменшік емханада дәрігер болып жұмыс істейді. Бір ұлым, бір қызым бар. Ұлым жеті жаста. Оның аты – Санжар. Ол бірінші сыныпта оқиды. Қызым сегіз жаста. Оның аты – Гауһар. Ол мектепте екінші сыныпта оқиды.

Менің ата-анам Атырауда тұрады. Олар – зейнеткер. Екі ағам және бір қарындасым бар. Үлкен ағам Алматыда тұрады, ал кіші ағам Астана қаласында тұрады. Үлкен бауырым қырық екі жаста. Оның аты – Самат. Ол мемлекеттік мекемеде маман болып жұмыс істейді. Ал кіші ағам отыз сегіз жаста. Оның есімі – Қайрат. Ол Атырау қаласында тұрады. Ол жекеменшік фирмада жұмыс істейді. Ал қарындасым – студент. Оның аты – Самал. Ол Астана қаласында Назарбаев университетінде оқиды.

”

4. Сурет бойынша ақпаратты толықтырыңыз.

Дополните информацию, опираясь на картинки.



1. Оның әйелі бар. Оның аты Сәуле. Ол отыз төрт жаста.
2. Оның _____ бар. Оның _____ Гауһар. Ол _____ жаста.
3. Оның _____ бар. Оның _____ Санжар. Ол _____ жаста.

5. Кестені толтырыңыз.

Заполните таблицу.

Кім?	Кімім?	Неше?	Қайда?	Не істейді?
<u>Мен</u>	<u>ағам</u>	<u>отыз бес</u>	<u>Алматыда</u>	<u>жұмыс істейді</u>
_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____

6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Ответьте на вопросы.

1. Асқар неше жаста?
2. Асқар қайда тұрады?
3. Ол қайда жұмыс істейді?
4. Сәуле неше жаста?
5. Сәуле қайда жұмыс істейді?
6. Санжар неше жаста?
7. Ол не істейді?
8. Самал қайда оқиды?
9. Атырауда кімдер тұрады?
10. Самат қайда, кім болып жұмыс істейді?
11. Қайрат қайда тұрады және қайда жұмыс істейді?



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

1. Оқыңыз.

Прочитайте.

Төрлетіңіз!

Рақмет.



ГРАММАТИКА

1. Ережемен танысыңыз.

Ознакомьтесь с правилом.

Жатыс септік

Местный падеж

221-бет

Мен Астанада тұрамын.

Мен Астана қаласында тұрамын.

221 стр.

2. Қажетті жалғауды жалғаңыз.

Присоедините соответствующие окончания.

-да/-де, -та/-те

-нда/-нде


1. Алматы қаласында, Алматы да ;	5. Орал қаласы, Орал ;
2. Ақжол ауылы, Ақжол ;	6. Берлин қаласы, Берлин ;
3. Семей қаласы, Семей ;	7. Наурыз көшесі, Наурыз ;
4. Абай, Абай даңғылы ;	8. Балқаш қаласы, Балқаш .

3. -да/-нда/-нде жалғауымен 5 сөйлем құраңыз.

Составьте 5 предложений с окончаниями -да/-нда/-нде.

Мен Астана қаласында тұрамын.

Мен Астанада тұрамын.



4. Тиісті жалғауды жалғаңыз.

Присоедините нужные окончания.

- | | |
|------------------------------------|---------------------------------------|
| 1. Менің отбасы ____ үлкен. | 6. Менің аты-жөн ____ Айгүл Сәкенқызы |
| 2. Бұл сенің әке ____ бе? | Болатбаева. |
| 3. Сіздің ат ____ кім? | 7. Менің ата ____ жетпіс жаста. |
| 4. Оның аты-жөн ____ Асқар Үсенұлы | 8. Сіздің ұл ____ кім? |
| Шаяхметов. | 9. Сенің қыз ____ қайда тұрады? |
| 5. Сенің жолдас ____ қайда? | 10. Оның сіңлі ____ бар. |

5. Сұраққа жауап беріңіз.

Ответьте на вопрос.

*Қайрат Атырауда тұрады.**Қайрат Атырау қаласында тұрады.*

6. Қажетті сөздерді қойыңыз.

Поставьте нужные слова.

- | | |
|--|-----------|
| 1. Менің <u>аты-жөнім</u> – Мұрат Темірханұлы. | аты-жөнім |
| 2. Сенің _____ кім? | ауылда |
| 3. Сіз Павлодар _____ тұрасыз ба? | атың |
| 4. Оның _____ неше жаста? | қаласында |
| 5. Мен жиырма жеті _____ . | баласы |
| 6. Бұл кісі _____ ? | кім |
| 7. Мен _____ тұрамын. | жастамын |

ТЫҢДАЛЫМ

1. Тыңдаңыз. Керек сөзді жазыңыз.

Прослушайте. Впишите нужные слова.



№13

Менің аты-жөнім – Қалыбеков Азамат Жалғасұлы. Жасым отыз бесте. Астана қаласы, Республика _____ тұрамын. Республика даңғылы Алматы _____. Отбасым шағын. Жұбайым отыз төрт жаста. Оның аты – Алмагүл. Ол _____ медбике болып жұмыс істейді. Үш балам бар. Үлкен ұлым Сәкен он жеті жаста. Ол жекеменшік _____ оқиды. Кіші ұлым Мәди _____ оқиды. Ол он жаста. Қызым Әйгерім он екі жаста. Ол музыка _____ оқиды.

Ата-анам _____ тұрады. Әкем мемлекеттік мекемеде жұмыс істейді. Ал анам _____ мұғалім болып жұмыс істейді. Екі інім, бір қарындасым бар. Үлкен інім Атырау _____, ал кіші інім ауылда тұрады. Кіші інім _____ мұғалім болып жұмыс істейді. Оның әйелі және екі баласы бар.

СӨЙЛЕСІМ

1. Екеуара жұмыс. Сұрақтар бойынша диалог құрыңыз.

Работа в паре. Составьте диалог по вопросам.

Сіздің ата-анаңыз қай қалада тұрады?

Сіз қай ауданда тұрасыз?

Сіз қай көшеде тұрасыз?

2. Арман туралы ақпарат беріңіз.

Расскажите про Армана.

Үлгі: *Оның ағасы Көкшетау қаласында тұрады.*



ЖАЗЫЛЫМ

1. Берілген ақпараттарды пайдаланып, мәтін жазыңыз.

Используя приведенную информацию, напишите текст.

Қарлығаш Маратқызы, 27 жаста,
Талдықорған қаласы

Әсет Сапарбекұлы, 40 жаста, Абай ауылы, әйелі Сәуле, 37 жаста, екі ұлы, 15 жаста, 18 жаста

Сергей Петрович Кузнецов, 53 жаста, Петропавл қаласы

Назерке Мейірбекқызы Қуаныш, 29 жаста, күйеуі Қанат, 31 жаста, Өтеген батыр ауылы

2 - САБАҚ

КЕШІРІҢІЗ, НЕШІНШІ ҮЙДЕ ТҰРАСЫЗ?

1. Дыбыстарды қайталаңыз.

Повторите звуки.

Ә

І

Ы

Ұ

Һ

Ң

2. 243-беттегі сөздермен танысыңыз.

Познакомьтесь со словами на странице 243.

3. Қажетті сөздерді жазыңыз.

Впишите нужные слова.

үй

электронды пошта

көше

ауыл

қала

пәтер

ұялы телефон





4. Сөздерді ажыратыңыз.

Разграничьте слова.

МЕКЕНЖАЙСІҢЛІНЕШІНШЫҚШАМАУДАНСІЗҚАЙҚАЙДА

мекенжай

ОҚЫЛЫМ

1. Оқыңыз.

Прочитайте.




Динара


Оля

- Сәлеметсіз бе, Динара!
- Сәлеметсіз бе, Оля.
- Динара, сіз осында тұрасыз ба?
- Иә, мен Астанада тұрамын. Сіз ше?
- Мен де Астанада тұрамын.
- Қай көшеде?
- Сарыарқа көшесінде.
- Нешінші үйде?
- Отыз бесінші үйде тұрамын.
- Нешінші пәтерде?
- Елу сегізінші пәтерде.
- Міне, қызық! Мен де сол үйде тұрамын. Қырық жетінші пәтерде.
- Оля, ұялы телефон нөміріңіз қандай?
- 8 701 550 44 83.
- Менің ұялы телефон нөмірім – 8 702 936 22 09.

- Алло. Сәлеметсіз бе! Менің атым – Салтанат. Сізді тыңдап тұрмын.
- Сәлеметсіз бе! Менің пластикалық карточкам дайын ба?
- Кешіріңіз, сіздің аты-жөніңіз кім?
- Сәкен Дәулетұлы Досжанов.
- Мекенжайыңыз қандай?
- Пушкин көшесі, он бірінші үй, жиырма төртінші пәтер.
- Сіздің электронды поштаңыз қандай?
- saken@mail.ru.
- Сәкен Дәулетұлы, сіздің карточкаңыз дайын.
- Рақмет.



Банк қызметкері



Сәкен

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Ответьте на вопросы.



1. Оля қай қалада тұрады?
2. Динара қай қалада тұрады?
3. Олар қай көшеде тұрады?
4. Нешінші үйде?
5. Оля нешінші пәтерде тұрады?
6. Динара ше?
7. Оляның нөмірі қандай?

3. Қажетті жалғауларды жалғаңыз.

Присоедините соответствующие окончания.



1. Менің аты-жөн_____ – Сәкен Дәулетұлы Досжанов.
2. Мен Пушкин көшесі, он бірінші үй, жиырма төртінші пәтер_____ тұрамын.
3. Менің электронды пошта_____ бар

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

1. Оқыңыз.

Прочитайте.

Кешіріңіз, дәріхана
қай жерде?

Тура жүріңіз..



Қабанбай батыр
даңғылында.

«Министрлік» деп
аталады.

Кешіріңіз, Қаржы
министрлігі қайда?

Аялдама қалай
аталады?



ГРАММАТИКА

1. Ережемен танысыңыз.

Ознакомьтесь с правилом.

Реттік сан есім

Порядковые числительные

Мен бірінші үйде тұрамын.
Ол алтыншы пәтерде тұрады.

221-бет

221 стр.

2. Сандарды сөзбен жазыңыз.

Напишите цифры словами.

	Есептік сан есім	Реттік сан есім
7	<u>жеті</u>	<u>жетінші</u>
10	<u> </u>	<u> </u>
20	<u> </u>	<u> </u>
30	<u> </u>	<u> </u>
50	<u> </u>	<u> </u>
70	<u> </u>	<u> </u>
100	<u> </u>	<u> </u>





3. Сандарды сөзбен жазыңыз.

Напишите цифры словами.

Нешінші?		Неше?	
49-пәтер	<u>қырық тоғызыншы пәтер</u>	49 пәтер	<u>қырық тоғыз пәтер</u>
107-автобус	<u> </u>	107 автобус	<u> </u>
8-бала	<u> </u>	8 бала	<u> </u>
11-сынып	<u> </u>	11 сынып	<u> </u>
16-ықшамаудан	<u> </u>	16 ықшамаудан	<u> </u>
25-қабат	<u> </u>	25 қабат	<u> </u>

4. Сұраққа жауап беріңіз.

Ответьте на вопросы.



5. Ережемен танысыңыз.

Познакомьтесь с правилом.

Сұраулық шылаулар

Вопросительные частицы

134-бет

Сіз жиырма бірінші үйде тұрасыз **ба**?
 Сенің отбасың үлкен **бе**? Сенің **ше**?

134 стр.

6. Сұраулы сөйлемге айналдырыңыз.

Преобразуйте в вопросительные предложения.

1. Сенің атың – Қайрат.
2. Бұл кісі – сенің әжең.
3. Сіздің атыңыз – Сәуле.
4. Сіз «Самал» ықшамауданында тұрасыз.
5. Оның аты-жөні – Сұлтан Мейірбекұлы Ерік.
6. Оның мекенжайы: Талдықорған қаласы, 20-үй, 62-пәтер.

*Сенің атың Қайрат па?***7. Сөйлем құраңыз.**

Составьте предложения.

1. Сіз/тұрасыз/58-үйде/ба? *Сіз 58-үйде тұрасыз ба?*
2. ба?/ауылда/Сен/тұрасың _____
3. Сіздің/ма?/аты-жөніңіз /Мағжан Айдарұлы _____
4. төрт/ма?/жаста/Ол/отыз _____
5. тұрасың?/нешінші/Сен/пәтерде _____
6. мекенжайыңыз/қандай?/Сіздің _____
7. поштаң/ма?/электронды/Сенің/m.aidaruly@mail.ru _____

8. Ше сұраулық шылауымен сөйлемді толықтырыңыз.Дополните предложения, используя вопросительную частицу *ше*.**1-диалог**

- Сен Алматыда тұрасың ба?
- Иә, Алматыда тұрамын.
- Сен _____?
- Ал мен Арқалықта тұрамын.

2-диалог

- Сен неше жастасың?
- Мен он бес жастамын.
- Айдос _____?
- Ол он төрт жаста.

3-диалог

- Сенің отбасың шағын ба?
- Жоқ, менің отбасым үлкен.
- Сенің _____?
- Ал менің отбасым шағын.

4-диалог

- Жәнібек, сенің білімің қандай?
- Жоғары.
- Әсет, сенің _____?
- Орта арнаулы білімім бар.

ТЫҢДАЛЫМ

1. Диалогтерді тыңдаңыз және реттік сан есімдерді жазыңыз.

Прослушайте диалоги и напишите порядковые числительные.

№14



1-диалог

қырық екінші

6-диалог

2-диалог

7-диалог

3-диалог

8-диалог

4-диалог

9-диалог

5-диалог

10-диалог

2. Тыңдаңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.

Прослушайте, ответьте на вопросы.

№15



1. Оның аты-жөні Марат Қайырбекұлы Серғазиев пе? _____
2. Ол жиырма жаста ма? _____
3. Ол қай қалада тұрады? _____
4. Оның мекенжайы қандай? _____
5. Оның отбасы бар ма? _____
6. Әйелі неше жаста? _____
7. Баласы ше? _____

СӨЙЛЕСІМ

1. Екеуара жұмыс. 1-кестеге өзіңіз туралы жазыңыз. Көршіңізге сұрақтар қойып, екінші кестені толтырыңыз.

Работа в паре. В 1-ой таблице напишите о себе. Заполните 2-ю таблицу, задавая вопросы своему соседу.

1

Менің аты-жөнім: _____

Жасым: _____

Мекенжайым: _____

Ұялы телефоным: _____

Электронды поштам: _____

ЖАЗЫЛЫМ

1. Берілген мәліметтерді пайдаланып, мәтін жазыңыз.

Напишите текст, используя данную информацию.



Есте сақтаңыз!
Запомните!

«Ол» және «Оның»

Аты-жөні: Сырым Сатыбалдыұлы
 Жасы: 26
 Мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауданы,
 Құрманғазы көшесі, 12-үй, 21-пәтер
 Жұмысы: Мемлекеттік мекеме, маман
 Отбасы: Шағын
 Жұбайы: Қарлығаш, 25 жас, мектеп, мұғалім
 Балалары: Азамат – 4 жас, мектеп, балабақша
 Ата-анасы: Батырбек – 64 жас, Бақыт – 60 жас, зей-
 неткер, Алматы қаласы,
 Бауырлары: Ернұр, 37 жас, Астана. Азамат, 40 жас,
 Алматы



IV

БӨЛІМ

БІРІНШІ САБАҚ

МАМАНДЫҚ

Мен тілшімін.

Грамматика:

- Жіктік жалғау

ЕКІНШІ САБАҚ

ҚАЙДА ЖҰМЫС ІСТЕЙСІЗ?

Зауытта инженер болып істеймін.

Грамматика:

- Жатыс септік

1 - САБАҚ

МАМАНДЫҚ

1. Дыбыстарды қайталаңыз. Қандай сөздерді білесіз? Мысал келтіріңіз.

Повторите звуки. Какие знаете слова? Приведите примеры.

Ә Ы І О Ө Ұ Ү Ң Һ

2. 243-беттегі сөздермен танысыңыз.

Познакомьтесь со словами на странице 243.

3. Сәйкестендіріңіз.

Соедините.


- | | | |
|---------------------------------------|-----------------------|--|
| мектеп | ☐ | ☐ ұшқыш |
| емхана | ☐ | ☐ шаштаразшы |
| мұнай компаниясы | ☐ | ☐ заңгер |
| автопарк, мемлекеттік мекеме | ☐ | ☐ есепші |
| университет, институт, ғылыми орталық | ☐ | ☐ аспаз |
| нотариус, сот, мемлекеттік мекеме | ☐ | ☐ журналист |
| мемлекеттік мекеме, қаржы саласы | ☐ | ☐ полиция |
| дүкен, базар | ☐ | ☒ мұғалім |
| мейрамхана, асхана | ☐ | ☐ дәрігер |
| аударма агенттігі, мемлекеттік мекеме | ☐ | ☐ мұнайшы |
| шаштараз | ☐ | ☐ жүргізуші, механик |
| әуежай | ☐ | ☐ сатушы |
| полиция бөлімшесі | ☐ | ☐ ғалым |
| журнал, газет, телеарна | ☐ | ☐ аудармашы |
| қабылдау бөлімі | ☐ | ☐ хатшы |

4. Мамандық атауларын жазыңыз.

Напишите название профессий.



Ол — мұнайшы.



5. Екеуара жұмыс. Жаттығыңыз.

Работа в паре. Тренируйтесь.

Ол кім болып жұмыс істейді?

Ол болып жұмыс істейді



6. Ай аттарын мезгілге бөліп жазыңыз.

Напишите месяцы по сезонам.



Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан
1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25 26 27 28 29 30 31	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25 26 27 28 29	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25 26 27 28 29 30 31	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25 26 27 28 29 30 31	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25 26 27 28 29 30 31	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25 26 27 28 29 30 31	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25 26 27 28 29 30 31	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25 26 27 28 29 30 31	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25 26 27 28 29 30 31	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25 26 27 28 29 30 31	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25 26 27 28 29 30 31	1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25 26 27 28 29 30 31

7. Жаттығыңыз.

Тренируйтесь.

Қашан?

-да/де/та/те

Қыста
Көктем
Жаз
Күз

Қаңтар
Ақпан
Наурыз
Сәуір

Мамыр
Маусым
Шілде
Тамыз

Қыркүйек
Қазан
Қараша
Желтоқсан

Ескерту:
Жаз мезгілінде
Маусым айында

8. Көп нүкте орнына тиісті қосымшаны жазыңыз.

Вместо многоточий напишите соответствующие окончания.

Кімнің	Туған күні	Қашан
Менің	туған күнім	жаз____ маусым____
Сенің	туған күнің	күз____ қыркүйек____
Сіздің	туған күніңіз	қыс____ қаңтар____
Оның	туған күні	көктем____ наурыз____

8. Сауалнама. Сұраңыз. Айтып беріңіз.

Анкетирование. Спрашивайте. Расскажите.

*Марат, жаз, 15 маусым**Оның туған күні жазда, он бесінші маусымда.*

9. Сөздерді тыңдаңыз және қайталаңыз.

Прослушайте слова и повторите их.



№16



ОҚЫЛЫМ

1. Оқыңыз.

Прочитайте.



Сымбат

← [Phone icon] [Paperclip icon]

Сымбат
Сәлеметсіз бе!

Ержан
Сәлеметсіз бе! Танысайық. Менің аты-жөнім – Ержан. Мен мұнайшымын.

Сымбат
Ал мен дәрігермін, аты-жөнім – Сымбат Сапарқызы.

Сымбат
Семейде тұрамын. Сіз ше?

Ержан
Қай қалада тұрасыз?

Сымбат
Неше жастасыз?

Ержан
Мен Атырауда тұрамын.

Сымбат
Мен жиырма сегіздемін.

Ержан
Отыз жастамын. Сіз ше?

Сымбат
Ауруханада. Ал сіз ше?

Ержан
Қайда жұмыс істейсіз?

Сымбат
Жақсы, танысқанымға қуаныштымын!

Ержан
Мұнай компаниясында.

Ержан
Мен де қуаныштымын.

[Smiley icon] [Camera icon] [Microphone icon]



Ержан

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Ответьте на вопросы.

1. Ержан Бекенұлы кім?	5. Сымбат Сапарқызы ше?
2. Сымбат Сапарқызы кім?	6. Ержан Бекенұлы кім болып жұмыс істейді?
3. Сымбат Сапарқызы неше жаста?	7. Сымбат Сапарқызы ше?
4. Сұлтан Бекенұлы қайда тұрады?	8. Мұнайшы қандай компанияда жұмыс істейді?
	9. Дәрігер ше?

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

1. Оқыңыз.

Прочитайте.

1



- Сәлем, Нұргүл!
- Сәлем, Димаш!
- Хал қалай?
- Жақсы. Сенің халің қалай?
- Жақсы, рақмет.
- Сабағың бітті ме?
- Жоқ, әлі екі сабақ бар.

2



- Сәлеметсіз бе!
- Сәлеметсіз бе!
- Келіңіз, отырыңыз.
- Рақмет. Мен тілшімін.
- 7 арнада жұмыс істеймін.
- Сізге сұрағым бар.
- Әрине, айта беріңіз.

ГРАММАТИКА

1. Ережемен танысыңыз.

Ознакомьтесь с правилом.

Жіктік жалғау

Личное окончание

Мен дәрігер**мін**.
Мен заңгер емес**пін**.

224-бет

224 стр.

2. Дұрыс нұсқаны таңдаңыз.

Выберите правильный вариант.

Мен...

Сен...

Сіз...

Ол...

Мен мұғалім**мін**.
_____ аспазсың.
_____ сатушысыз.
_____ дәрігерсіз.
_____ есепші.

_____ есепші емессің.
_____ аспаз емес.
_____ тілші емессің.
_____ Асқар емеспін.
_____ мұнайшы емессіз.

3. Тиісті жалғауды жалғаңыз.

Присоедините нужные окончания.

- | | |
|---------------------------------|--------------------------|
| 1. Ол – Мансұр пін . | 8. Мен Асылбек _____. |
| 2. Ол – жүргізуші _____. | 9. Мен Ораз _____. |
| 3. Сіз мұғалім _____. | 10. Мен мұнайшы _____. |
| 4. Сен Батырхан _____. | 11. Сен әке _____. |
| 5. Мен Коля _____. | 12. Сен тілші _____. |
| 6. Сіз аспаз емес _____. | 13. Мен Саша емес _____. |
| 7. Мен заңгер _____. | 14. Ол ғалым емес _____. |

-пін

~~пін~~

-бын

-сіз

-мын

-сың

-сің

-мын

-сің

-пін

-сіз

-мін

~~пін~~

4. Сөздерді алмастырыңыз.

Замените слова.

мен → сен → сіз → ол

1. Мен есепшімін. _____
2. Мен Азаматпын. _____
3. Мен Талғатпын. _____
4. Мен мұнайшымын. _____
5. Мен тілшімін. _____
6. Мен аспаз емеспін. _____

5. Сұрақтарды жауаптармен сәйкестендіріңіз.

Соедините вопросы с соответствующими ответами.

Сенің атың кім?	Мен жиырма жастамын.
Сен кімсің?	Менің мамандығым – мұнайшы.
Ал сен кімсің?	Менің атым – Олжас.
Сенің мамандығың қандай?	Жоқ, мен дәрігермін.
Сен заңгерсің бе?	Ал мен Қайсармын.
Сен неше жастасың?	Мен Алуамын.

6. Суреттерді сипаттаңыз.

Опишите рисунки.

заңгер	дәрігер	аспаз	жүргізуші	тележүргізуші	студент
оқытушы	есепші	сатушы	іскер адам		



Мен дәрігер емеспін, мен заңгермін

Сен _____



Сіз _____

Ол _____




Сен _____

Ол _____

7. Сөйлем құраңыз.

Составьте предложения.

Үлгі: Мен тілші болып жұмыс істеймін.



8. Қажетті сөздерді қойыңыз.

Вставьте нужные слова.

1. Менің атым – Маржан.
2. Менің отбасым _____.
3. Сен кім болып _____ істейсің?
4. Ол _____ жаста.
5. Асқар, _____ қойыңыз.
6. Мен есепші _____ жұмыс істеймін.
7. Сен _____ бе?
8. _____ жұмыс істейсің?
9. _____ жұмыс істеймін.




ТЫҢДАЛЫМ

2. Тыңдаңыз, дұрыс жауапты белгілеңіз.

Прослушайте, отметьте правильный ответ.



№17



Баян Сүлейменқызы



Әлия Асанқызы



Самат



Самат



Мақсат



Мақсат



Жұлдыз



Жұлдыз

2. Қайта тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Прослушайте еще раз. Ответьте на вопросы.

1. Әлия Асанқызы қайда тұрады?
2. Оның туған күні қашан?
3. Самат қайда және кім болып жұмыс істейді?
4. Мақсат қайда және кім болып жұмыс істейді?
5. Жекеменшік фирмада заңгер болып жұмыс істей ме?

3. Мәтінді тыңдаңыз және мазмұны бойынша толықтырыңыз.

Прослушайте текст и дополните его по содержанию.



№18



Менің _____ Серік Ерланұлы. Мен отыз екі _____.
Мен Есік _____, Қабанбай батыр _____ тұрамын. Мен газетте
тілші болып жұмыс _____. Менің _____ аты – Самал. Ол -
аудармашы. Ол жекеменшік фирмада жұмыс _____. Ұлым жеті жаста. _____
аты – Дәулет. Оның туған күні _____, 31 _____. Ол
бірінші сыныпта _____. Қызым Шолпан бес жаста. Оның _____ күні
қыста, 1 _____.

СӨЙЛЕСІМ

1. Топтық жұмыс.

Работа в группе.

1. Қораптың ішінде бірнеше мамандық атауы жазылған қағаз жатыр.
В коробке лежит несколько карточек с названиями профессий.
2. Бір адам қағаздың бірін таңдап алады.
Один человек выбирает одну из этих карточек.
3. Басқалар сұрақ қою арқылы мамандық атауын табады.
Другие с помощью вопросов определяют его профессию.



- Сіз есепшісіз бе?
- Жоқ, есепші емеспін.
- Қайда жұмыс істейсіз?
- Офисте.
- Сіз заңгерсіз бе?
- Иә, заңгермін.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Өзіңіз және отбасыңыз туралы ақпарат жазыңыз.

Напишите о себе и своей семье.

Мына ақпараттар болу керек.

Сіз	Отбасыңыз
Аты-жөн	Отбасы мүшелері
Туған мезгілі, айы, күні	Аты
Жас	Жасы
Мекенжайы: қала, аудан, көше, пәтер	Туған жылы, айы, күні
Жұмыс	Жұмыс
Мамандығы	Мамандығы
Телефон: үй телефоны, ұялы телефон	Мектеп, университет
Электронды пошта	Телефон

2 - САБАҚ

ҚАЙДА ЖҰМЫС ІСТЕЙСІЗ?

1. Топтық жұмыс.

Работа в группе.

1. Топқа бөлініңіздер.
2. Топтан бір адам төмендегі бір әріпті айтады.
3. Қай топ бірінші болып мысал айтса (жазуға болады), сол топқа бір ұпай.
4. Қай топ көп мысал айтады (жазады), сол топ жеңеді.
5. Әріп сөздің кез келген буынында болады.

1. Разделитесь по группам.
2. Один человек с группы озвучить букву.
3. Другие группы должны привести пример. Можно писать и показать или устно. Один правильный ответ, 1 балл.
4. У кого много баллов, та группа победитель.
5. Буква может быть в любом слове.

Ә Ы І О Ө Ұ Ү Ң Һ

2. 244-беттегі сөздермен танысыңыз.

Познакомьтесь со словами на странице 244.

3. Топтық жұмыс. Сөздер мен суреттерді сәйкестендіріңіздер. Неге ол суретті таңдағаныңызды айтып беріңіз.

Работа в паре. Соедините картинки со словами. Объясните по какому признаку выбрали картинки.



- | | | |
|-------------------------------------|--------------|--------------------------|
| ☐ | сот | ☐ |
| ☐ | мекеме | ☐ |
| ☒ | үйленген | ☐ |
| ☐ | аурухана | ☐ |
| ☐ | мейрамхана | ☐ |
| ☐ | жоғары білім | ☐ |
| ☐ | мектеп | ☐ |
| ☐ | еңбек өтілі | ☐ |



4. Сәйкестендіріңіз.

Соедините слова.

- | | | | |
|-------------|--------------------------|------------|-------------------------------------|
| іскер | ☐ | жағдайы | ☐ |
| еңбек | ☐ | күйеуің | ☐ |
| сенің | ☐ | адам | ☒ |
| мемлекеттік | ☐ | мамандығым | ☐ |
| орта | ☐ | өтілі | ☐ |
| отбасы | ☐ | мекеме | ☐ |
| менің | ☐ | білім | ☐ |

5. Берілген сөздерді пайдаланып, толықтырып жазыңыз.

Дополните, используя приведенные слова.

үйленген бойдақ тұрмыста тұрмыста емес



Арман

Арман бойдақ



Сәуле



Асқар



Ақмарал

6. Сөздерді тыңдаңыз және қайталаңыз.

Прослушайте слова и повторите их.



№19



ОҚЫЛЫМ

1. Оқыңыз.

Прочитайте.

1



- Сәлем, Болат!
- Сәлем, Айдос! Халің қалай?
- Халім жақсы. Ал сенің халің қалай?
- Жұмысың қалай?
- Рақмет. Мен қазір Ақтөбеде зауытта инженер болып жұмыс істеймін.
- Асқар аға қайда?
- Алматыда. Ол үйленген. Бір баласы бар. Ал мен әлі бойдақпын.
- Мен де.

2



- Бұл кадр бөлімі ме?
- Иә, кадр бөлімі. Кіріңіз.
- Менің аты-жөнім – Нұрлан Қайдарұлы. Мен жұмыс іздеп келдім.
- Түйіндемеңіз бар ма? Мамандығыңыз қандай?
- Түйіндемем жоқ, мен бағдарламашымын.
- Неше жастасыз?
- Мен отыз екі жастамын.
- Отбасы жағдайыңыз қандай?
- Үйленбегенмін.
- Біліміңіз қандай?
- Жоғары.
- Еңбек өтіліңіз бар ма?
- Иә, сегіз жыл. Фирмада бағдарламашы болып жұмыс істеймін.
- Қай фирмада?
- “Қанағат” фирмасында.

2. Бірінші диалог бойынша дұрыс жауапты белгілеңіз.

Отметьте правильные ответы по первому диалогу.

	Дұрыс	Дұрыс емес
1. Болат пен Айдос – жолдас.	✓	
2. Болат – инженер.		
3. Болат әкімдікте жұмыс істейді.		
4. Айдос бойдақ.		
5. Болат үйленген.		
6. Асқар аға Ақтөбеде тұрады.		
7. Айдостың бір баласы бар.		

3. Екінші диалог бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Ответьте на вопросы по второму диалогу.




Нұрлан Қайдарұлы

1. Нұрлан Қайдарұлының мамандығы қандай? _____
2. Ол неше жаста? _____
3. Нұрлан Қайдарұлы үйленген бе? _____
4. Еңбек өтілі бар ма? _____
5. Ол кім болып жұмыс істейді? _____
6. Нұрлан Қайдарұлы қайда жұмыс істейді? _____

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

1. Оқыңыз.

Прочитайте.



2. Сөйлемдерді реттеңіз.

Расставьте предложения по порядку.

- _____ – Жиырма бірінші тамызға билет бар ма?
- 1 _____ – Сәлеметсіз бе! Ақтөбеге екі билет беріңізші.
- _____ – Жиырмасыншы тамызға екі билет керек.
- _____ – Иә, бар.
- _____ – Жақсы! Жиырма бірінші тамызға беріңіз.
- _____ – Сәлеметсіз бе! Қай күнге керек?
- _____ – Кешіріңіз, жиырмасыншы тамызға билет жоқ.

ГРАММАТИКА

1. Ережемен танысыңыз.

Ознакомьтесь с правилом.

Жатыс септік

Местный падеж

224-бет

Мен мектепте жұмыс істеймін.
Мен «Асыл» компаниясында жұмыс істеймін.

224 стр.

2. Қажетті жалғауды жалғаңыз.

Присоедините нужные окончания.

-да/-де /-та/-те	-нда/-нде
1. емхана <u>да</u>	6. «Қуат» фирмасы ____
2. «Кеңес» институты ____	7. ұйым ____
3. мектеп ____	8. аурухана ____
4. «Заңгер» компаниясы ____	9. «Береке» дүкені ____
5. асхана ____	10. мемлекеттік мекеме ____

3. Берілген сөздерге -да/-де /-та /-те және -нда/-нде жалғауын жалғаңыз.

Присоедините окончания -да/-де /-та /-те и -нда/-нде к приведенным словам.

«Асыл» компаниясы	1. _____	мектеп
Ақжар ауылы	2. _____	фирма
Алматы қаласы	3. _____	жұмыс
емхана	4. _____	асхана
дүкен	5. _____	«Отырар» университеті
	6. _____	
	7. _____	
	8. _____	
	9. _____	
	10. _____	

4. Қажетті жалғауларды жалғаңыз.

Присоедините нужные окончания.

-да, -де, -та, -те, -нда, -нде

- Ол фирмада аудармашы болып жұмыс істейді.
- Менің ағам автопарк____ жүргізуші болып жұмыс істейді.
- Сіз «Ханшайым» мейрамханасы____ аспазсыз ба?
- Сен университет____ заңгер болып жұмыс істейсің бе?
- Мен «Хабар» газеті____ тілші болып жұмыс істеймін.
- Сіз емхана____ дәрігер емессіз бе?
- Мен Павлодар әкімдігі____ аудармашы болып жұмыс істеймін.

5. Қажетті жалғауды жалғап, сөйлем құраңыз.

Составьте предложения, присоединяя нужные окончания.

Мен мектепте жұмыс істеймін.

Мен	дүкен_____		
Сен	мектеп_____		
Сіз	емхана_____	-да	
Ол	университет_____	-де	
	әкімдік_____	-те	жұмыс істей_____.
	автопарк_____	-те	
	мейрамхана_____		

6. Үлгіге сәйкес алмастырыңыз.

Замените по образцу.

сатушы	аудармашы	дәрігер	аспаз	заңгер
--------	-----------	---------	-------	--------

1. Мен дүкенде жұмыс істеймін. Мен сатушымын.
2. Марат мемлекеттік мекемеде аудармашы болып жұмыс істейді. _____
3. Сіз ауруханада жұмыс істейсіз. _____
4. Сен асханада жұмыс істейсің бе? _____
5. Санжар мұнай компаниясында жұмыс істейді. _____

ТЫҢДАЛЫМ

1. Тыңдаңыз. Қайда? сұрағына жауап беретін сөздерді жазыңыз.

Прослушайте. Выпишите слова, отвечающие на вопрос куда?



№20



1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____

2. Дұрыс ақпаратты белгілеңіз.

Отметьте галочкой верную информацию.



№21



	Дұрыс	Дұрыс емес
1. Мен әкімдікте жұмыс істеймін.	☒	☐
2. Мен сатушымын.	☐	☐
3. Бойдақпын.	☐	☐
4. Мараттың еңбек өтілі – он жыл.	☐	☐
5. Әйелім отыз жаста.	☐	☐
6. Ол дәрігер болып жұмыс істейді.	☐	☐
7. Менің еңбек өтілім – бес жыл.	☐	☐

СӨЙЛЕСІМ

1. Топтық жұмыс.

Өзіңіз туралы жазыңыз. Содан кейін осындай 3 кестені дәптерге сызып, басқаларға сұрақ қойып, жауаптарын жазыңыз.

Работа в группе. Напишите о себе. После этого начертите в тетради такие 3 таблицы и заполните их, задавая вопросы другим.

Аты-жөні:	_____
Туған жылы, айы, күні:	_____
Отбасы жағдайы:	_____
Білімі:	_____
Мамандығы:	_____
Жұмыс орны:	_____
Еңбек өтілі:	_____
Мекенжайы:	_____

ЖАЗЫЛЫМ

1. Мәтін ақпараттарын пайдаланып, түйіндеме құраңыз.

Используя информацию из текста, составьте резюме.

Мен Айқын Нұрланұлы Қазыбекпін. Алматы қаласында тұрамын. Отыз бес жастамын. Отбасым бар, үйленгенмін. Екі ұлым бар. Орта арнаулы білімім бар. Мамандығым – аспаз. «Алтын таға» мейрамханасында жұмыс істеймін. Еңбек өтілім – он екі жыл.

Түйіндеме

Аты-жөні:	_____
Туған жылы, айы, күні:	_____
Мекенжайы:	_____
Білімі:	_____
Отбасы жағдайы:	_____
Мамандығы:	_____
Жұмыс орны:	_____
Еңбек өтілі:	_____
Қосымша мәлімет:	_____



БӨЛІМ

БІРІНШІ САБАҚ

ДҮКЕНДЕ

1 келі қант беріңізші.

Грамматика:

- Ауыспалы осы шақ

ЕКІНШІ САБАҚ

АЗЫҚ-ТҮЛІК

Алма үш жүз теңге тұрады.

Грамматика:

- Ілік септік

1 - САБАҚ

ДҮКЕНДЕ

1. Жаттығыңыз.

Тренеруйтесь.

Қ	<i>Қойдан қалып қойған қара қозыны Қайрат қораға қамап қойды.</i>
Ә	<i>Әкем Әсемге әдемі әткеншек әперді.</i>
О	<i>Омар ора алар. Омар ора алмаса. Орал ора алар.</i>
Һ	<i>Қаһарлы айдаһар Шаһарға келіп, қаһарланар.</i>
І	<i>Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім, Неше кіші ішік піштім?</i>
Ү	<i>Түрің түрленіп, түрлі оқы, Тілің күрмеліп, мүдірмей оқы.</i>
Ұ	<i>Тұз – мұздай, Мұз – тұздай.</i>

2. 244-беттегі сөздермен танысыңыз.

Познакомьтесь со словами на странице 244.

3. Азық-түлік атауларын жазыңыз.

Напишите наименование продуктов.



қаймақ





Есте сақтаңыз!
Запомните!

Отандық өнім	Шетелдік өнім
 	  

4. Сөйлемді аяқтаңыз.

Закончите предложение.

Қайсысын аласыз?

арзан, сапалы, сапасыз, қымбат

Мен отандық өнімді аламын, себебі ол _____

Мен шетелдік өнімді алмаймын, себебі ол _____

5. Сөздерді тыңдаңыз. Қай сөздер айтылған жоқ? Жазыңыз.

Прослушайте. Какие слова не прозвучали? Напишите их.



№22



Азық-түлік, айран, отандық нан, алу, бару,
жоқ, себебі, ет, шетелдік, жұмыртқа, кәмпит,
қаймақ, өнім, қант, сүт, шұжық, ірімшік,
қымбат, шырын, сапалы, май, арзан, жеймін,
ішемін, неше тұрады?, сатып алу.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____

ОҚЫЛЫМ

1. Сіз қалай ойлайсыз?

Как вы думаете?

Олеся мен Нағима дүкенде

Олеся не сатып алады?	Нағима не сатып алады?
1. <i>Менің ойымша, Олеся қаймақ сатып алады.</i>	1. _____
<i>Қаймақ отандық өнім әрі қымбат емес.</i>	2. _____
2. _____	3. _____
3. _____	_____

2. Рөлге бөліп оқыңыздар.

Прочитайте по ролям.

1



Нағима

Олеся

Нағима: Сәлеметсің бе, Олеся!**Олеся:** Сәлем, Нағима! Халің қалай?**Нағима:** Рақмет, жақсы! Өзің ше?**Олеся:** Жақсы.**Нағима:** Олеся, не аласың?**Олеся:** Мен ірімшік, қаймақ, жұмыртқа сатып аламын.**Нағима:** Нан аласың ба?**Олеся:** Жоқ, алмаймын. Сен не аласың?**Нағима:** Қант, шұжық, сүт, нан аламын.**Олеся:** Ааа, жақсы.**Нағима:** Олеся, бұл дүкенде күріш арзан екен.**Олеся:** Солай ма? Қанша теңге тұрады?**Нағима:** 1 келісі 150 теңге.**Олеся:** Иә, арзан екен. Базарда қымбат.**Нағима:** Иә, базарда көп азық-түлік қымбат.**Олеся:** Нағима, бұл дүкенде шетелдік өнім көп екен.**Нағима:** Иә, неге отандық өнім аз?! Түсінбеймін.

2

Сатып алушы: Сәлеметсіз бе!**Сатушы:** Сәлеметсіз бе!**Сатып алушы:** Кәмпит қанша теңге тұрады?**Сатушы:** 1 келісі сегіз жүз теңге.**Сатып алушы:** Неге қымбат?**Сатушы:** Себебі, бұл – шетелдік кәмпит.**Сатып алушы:** Жақсы. 1 келі беріңізші.**Сатушы:** Жақсы.**Сатып алушы:** Қаймақ бар ма?**Сатушы:** Қандай қаймақ аласыз? Отандық па әлде шетелдік пе?**Сатып алушы:** Әрине, отандық.**Сатушы:** Жақсы. Саудаңызға рақмет!

Сатушы

Сатып алушы:



Сатып алушы:

Сатушы

3. Сұраққа жауап жазыңыз.

Отвeтьте на вопрос.

Олар не сатып алады?

Үлгі: Нағима қант сатып алады, ал Олеся қант сатып алмайды.



Олеся



Нағима

4. Диалог негізінде жауап беріңіз.

Отвeтьте на вопрос.



Есте сақтаңыз! Мысал келтіріңіз.

Запомните и приведите примеры.

Не қымбат?
Неге?

Не арзан?
Неге?

Қайда қымбат?
Қайда арзан?

арзан	екен	Дүкенде қаймақ арзан екен.
қымбат		Базарда қаймақ қымбат екен.
отандық өнім		
шетелдік өнім		
сапалы		
сапасыз		
бар		
жоқ		
көп		
аз		
100 теңге тұрады		

5. Сұраққа жауап беріңіз.

Отвeтьте на вопросы.

1. Нағима мен Олеся қайда?
2. Олар қандай дүкенде?
3. Олар не сатып алады?
4. Не арзан және қымбат? Қайда?
5. Кәмпіт неге қымбат?
6. Дүкенде неге отандық өнім аз? Қалай ойлайсыз?



ГРАММАТИКА

1. Ережемен танысыңыз.

Ознакомьтесь с правилом.

Ауыспалы осы шақ Переходное настоящее время		225-бет
✓ Мен нан аламын. Сен мектепте жұмыс істейсің. Сіз сары май сатып аласыз. Ол не сатып алады?	✗ Мен қант алмаймын. Сен ауылда тұрмайсың ба? Сіз автопаркте жұмыс істемейсіз. Ол мұнайшы болып жұмыс істемейді.	225 стр.

2. Тиісті сөзді қойыңыз.

Вставьте нужные слова.

Мен	Сен	Сіз	Ол
-----	-----	-----	----

<u>Мен</u> тұрамын	_____ сатып аламын	_____ аламын	_____ жұмыс істеймін
_____ тұрасың	_____ сатып аласың	_____ аласың	_____ жұмыс істейсің
_____ тұрасыз	_____ сатып аласыз	_____ аласыз	_____ жұмыс істейсіз
_____ тұрады	_____ сатып алады	_____ алады	_____ жұмыс істейді

3. Сөйлемдерді үлгі бойынша жазыңыз.

Напишите предложения по образцу.

- Мен нан сатып аламын. Иә, мен нан сатып аламын.
- Мен сүт сатып алмаймын. _____
- Ол Алматы қаласында тұрады. _____
- Менің атым – Гауһар. _____
- Сіз іскер адамсыз. _____
- Сен ірімшік сатып аласың. _____
- Сіздің анаңыз есепші ме? _____
- Ол ауылда тұрмайды. _____
- Оның пәтері қалада. _____


4. Сөйлемдерді үлгі бойынша жазыңыз.

Напишите предложения по образцу.

1. Мен Абай ауылында тұрамын. Жоқ, мен Абай ауылында тұрмаймын.
2. Мен шұжық сатып аламын. _____
3. Оның аты – Ботагөз. _____
4. Бұл кісі – менің атам. _____
5. Менің отбасым шағын. _____
6. Сен дәрігер болып жұмыс істейсің. _____
7. Ол қалада тұрмайды. _____

5. Қажетті жалғауларды жалғап, сөйлем құраңыз.

Составьте предложений, присоединяя нужные окончания.



Мен есепші болып жұмыс істеймін.

6. Берілген сөздермен сөйлем құраңыз.

Составьте предложения с помощью приведенных слов.

1. Мен/ал/сатып/айран Мен айран сатып аламын.
2. істе/Сен/жұмыс /дүкенде _____
3. Аққайнар/Динара/тұрма/ауылында _____
4. Әлия/бол/үйде _____
5. Әсел/ал/сатып/нан _____
6. Азамат/тұр/қалада _____

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

1. Оқыңыз.

Прочитайте.

Асың дәмді
болсын, Индира!

Рақмет,
Жасұлан!

1



Асыңыз дәмді
болсын!

Рақмет.

2



2. Берілген сөйлемдерді суретке сәйкес нөмірлеңіз.

Пронумеруйте высказывания по данным картинкам.

Сәлем!

Асыңыз дәмді
болсын!

Кіруге бола ма?

Шығуға бола ма?



1



2



3



4



ТЫҢДАЛЫМ

1. Тыңдаңыз. Дұрыс нұсқаны таңдаңыз.

Прослушайте. Выберите верный вариант.



№23



Айжанның халі қалай?



жақсы



жаман емес



өте жақсы

Айжан қайда?



дүкенде



жұмыста



үйде

Олар қайда барады?



жұмысқа



дүкенге



киноға

Үйден қашан шығады?



таңертең



түсте



кешке

2. Дұрыс жауапты белгілеңіз.

Отметьте галочкой верные ответы.



№24



Әсия не сатып алады?



Әсия

✓
сатып
алады

✓
сатып
алмайды

	сатып алады	сатып алмайды
Нан	☐	☐
Сүт	☐	☐
Айран	☐	☐
Қант	☐	☐
Май	☐	☐
Кәмпіт	☐	☐
Ірімшік	☐	☐

3. Диалогті толықтырыңыз.

Дополните диалог.



№25



№ 1	№ 2
– Дүкенде _____ бар ма?	– Сен _____ сатып аласың ба?
– Иә, _____.	– Жоқ, _____.

СӨЙЛЕСІМ

1. Екеуара жұмыс. Дүкенде сауда жасап жаттығыңыздар.

Работа в паре. Практикуйтесь, покупая продукты в магазине.

1. Сіз (					) аласыз.
2. Сіз (					) алмайсыз.



2. Жұптық жұмыс. Телефон арқылы досыңызбен сөйлесіңіз.

Работа в паре. Поговорите с другом по телефону.



Сәлем!	сүт	алмаймын
ірімшік	нан	аламын
Хал қалай?		

ЖАЗЫЛЫМ

1. Азық-түлік атауларын мағынасына қарай екі топқа топтастырыңыз.

Разделите наименование продуктов на две смысловые группы.

нан	сүт	жұмыртқа	кәмпіт	айран	шұжық	ірімшік	ет	шырын	су
-----	-----	----------	--------	-------	-------	---------	----	-------	----



жеймін



ішемін

2. Екеуара жұмыс. Сурет бойынша сатушы мен сатып алушы арасында диалог құраңыз.

Работа в паре. Составьте по рисунку диалог между продавцом и покупателем.



2 - САБАҚ

АЗЫҚ-ТҮЛІК

1. Дыбыстарды қайталаңыз.

Повторите звуки.

Ө	Төсек үстінде төрт бөрік, Төртеуі де көк бөрік.
Ү	Күн бе, түн бе? Түн бе, күн бе? Үкі үйінде?
Ұ	Құмар ұстаған құлын Мұрат ұстаған құлынға ұқсайды.

О	Қондық жаңа қонысқа, Қалың екен жоңышқа. Қоныстағы жоңышқа, Оралады қонышқа!
І	Інім інімнің ішігін ілмекке ілді.
Ә	Әсел Әсем бе, Әсем әсем бе, Әсем әсем бе, Әсел әсем бе? Әмір әбігер, неге әбігер?

2. Ойын тапсырма.

Игровое задание.

1. Екі топқа бөлініңіздер.	1. Разделитесь на две группы.
2. Әр топтан бір адам шығады.	2. С каждой группы выходит один человек.
3. Мұғалім бір жаңылтпашты бастап айтады.	3. Учитель начинает скороговорку.
4. Ойыншы жалғастыру керек.	4. Игрок должен продолжить.
5. Жақсы айтқан топ жеңеді.	5. Кто повторяет без ошибки, тот побеждает.

3. 245-беттегі сөздермен танысыңыз.

Познакомьтесь со словами на странице 245 .

4. Әр суреттің астына қажетті сөздерді жазыңыз.

Напишите под каждой картинкой соответствующее слово.

ащы

дәмді

қышқыл

піскен

піспеген

қызыл

жасыл

сары

сарғыш

қоңыр



қызыл



5. Артық сөзді сызып тастаңыз. Себебін түсіндіріңіз.

Вычеркните лишнее слова. Объясните причину.

1. Алма, алмұрт, өрік, айран.
2. Қызанақ, қияр, сүт, сәбіз.
3. Дәмді, қышқыл, ащы, қызанақ.
4. Ірімшік, айран, қаймақ, шырын.
5. Ащы, қышқыл, дәмді, қырыққабат.

**6. Сөздерді тыңдаңыз және қайталаңыз.**

Прослушайте слова и повторите их.



№26

**ОҚЫЛЫМ****1. Оқыңыз. Сөйлемдерді ретімен орналастырыңыз.**

Прочитайте. Расположите предложения по порядку.

- ☐ – Сәлем, анашым! Мен базардамын.
- ☐ – 2 келі шие,
- ☐ – Жақсы, қай базарда?
- ☐ –1 келі алма, үш лимон.
- ☐ – Шиенің бағасы қаншадан екен?
- ☐ – Көк базарда.
- ☐ – Тағы не аламын?
- ☐ – Ооо, қымбат екен. Ақшаң жете ме?
- ☐ – Не аламын?
- ☐ – Өрік ал.
- ☐ – 1000 теңге.
- ☐ – Иә, жетеді.



2. Оқыңыз. Жауап беріңіз.

Прочитайте. Ответьте.



Бұл – Арман. Ол «Денсаулық» журналында тілші болып жұмыс істейді.

– Сәлеметсіз бе!

–

– Жұмысыңыз қалай?

–

– Өзіңіз туралы қысқаша айтып берсеңіз.

–

–

– «Дәмді» дүкенінде қандай азық-түліктер бар?

–

–

– Азық-түлік бағасы қандай?

–

–

– Дүкенде отандық өнім көп пе, шетелдік өнім көп пе?

–

– Қай күні жеңілдік болады және неше пайыз?

–

– Сұхбат бергеніңізге рақмет!

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

1. Оқыңыз.

Прочитайте.

Саудаңызға рақмет!

Келіп тұрыңыз!

Сізге де рақмет!



2. Жұптық жұмыс. Берілген суреттер бойынша диалог құрыңыз.

Работа в паре. Составьте диалоги по приведённым рисункам.

Азық-түлік дүкенінде



ГРАММАТИКА

1. Ережемен танысыңыз.

Ознакомьтесь с правилом.

Ілік септік

Родительный падеж

Алма**ның** дәмі жақсы.

Қыз**дың** аты кім?

225-бет

225 стр.

2. Тиісті жалғауды жалғаңыз.

Присоедините нужное окончание.

1. Алма**ның**, шие_____

2. ауыл____, қала_____

3. мұғалім____, бастық_____

4. әже____, ата_____

5. нан____, сүт_____

6. сәбіз____, жеміс_____

7. көкөніс____, пияз_____

8. көше____, пәтер_____

9. ірімшік____, қаймақ_____

10. есепші____, заңгер_____

3. Қажетті жалғауды жалғаңыз.

Присоедините нужные окончания.

1. Лимонның дәмі__
2. Үй__ нөмір__
3. Асқар__ пәтер__
4. Қант__ баға__
5. Сәбіз__ түс__
6. Көше__ атау__
7. Асылбек__ әйел__

4. Сұрақтарды жауаптармен сәйкестендіріңіз.

Соедините вопросы с соответствующими ответами.

Алманың түсі қандай?
 Сенің ұялы телефоның бар ма?
 Қандай көкөніс ащы?
 Сенің үйің қайда?
 Үйдің нөмірі қандай?
 Сен кім болып жұмыс істейсің?
 Қырыққабаттың келісі қанша тұрады?

Атырауда.
 Пияз.
 Иә, бар.
 Мен мұнайшымын.
 120 теңге.
 145-үй
 Қызыл.

5. Сандарды сөзбен жазыңыз.

Напишите цифры словами.

 320 теңге	<u>Алма үш жүз жиырма</u> <u>теңге тұрады.</u>	 170 теңге	
 500 теңге		 140 теңге	
 900 теңге		 850 теңге	
	 850 теңге		

ТЫҢДАЛЫМ

1. Диалогтерді тыңдаңыз. Жауабын жазыңыз.

Прослушайте диалоги. Впишите ответы.



№27



1.		<u>200 теңге тұрады.</u>	6.		_____
2.		_____	7.		_____
3.		_____	8.		_____
4.		_____	9.		_____
5.		_____	10.		_____

2. Диалогті тыңдаңыз, толықтырыңыз.

Прослушайте диалог, дополните его.



№28



- _____ алма бар ма?
- Иә, бар.
- Бір келісі қанша тұрады?
- _____
- Екі келі беріңізші.
- Мінеки! Келіп тұрыңыз.
- _____ Сау болыңыз!



3. Диалогті тыңдап, сұраққа жауап беріңіз.

Прослушайте диалог, ответьте на вопрос.



№29



Қуаныш не сатып алады?

- Қуаныш, сен не сатып аласың?
- Мен көкөніс сатып аламын.
- Қандай көкөніс аласың?
- _____
- _____



СӨЙЛЕСІМ

1. Екеуара жұмыс. Сіз сатушысыз, өз тауарыңызды мақтап, сатып алушыға сатыңыз.

Работа в паре. Представьте, что вы – продавец, продайте свой товар, рекламируя его покупателю.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Ертең сіз қонақ шақырасыз. Берілген тізім бойынша не сатып алатыныңызды жазыңыз.

Представьте, что вы на завтра пригласите гостей. По приведённому списку напишите, что вы будете покупать.



ет – 3 келі
пияз – 1 келі
картоп – 2 келі
алма – 2 келі
сүт – 1 литр
шұжық – 1 келі
ірімшік – 500 грамм
қызанақ – 2 келі
қияр – 1 келі



БӨЛІМ

БІРІНШІ САБАҚ

БОС УАҚЫТ

Мен кітап оқимын.

Грамматика:

- Табыс септік

ЕКІНШІ САБАҚ

БОС УАҚЫТТА НЕМЕН АЙНАЛЫСАСЫЗ?

Бос уақытымда теледидар көремін.

Грамматика:

- Көмектес септік

1. Жаттығыңыз.

Тренируйтесь.

Ө

*Төсек үстінде төрт бөрік,
Төртеуі де көк бөрік.*

Ү

*Күн бе, түн бе?
Түн бе, күн бе?
Үкі үйінде?*

К

*Күз, Кез, Көз,
Тік, Төк, Тек,
Кір, Кер, Көр,
Кек, көк, Көл,
Кілең қысқа сөз,
Кім оқиды тез?*

Ұ

*Құмар ұстаған құлын
Мұрат ұстаған құлынға
ұқсайды.*

Қ

*Қондық жаңа қонысқа,
Қалың екен жоңышқа.
Қоныстағы жоңышқа,
Оралады қонышқа!*

Ғ

*Ғарышкер ұшты ғарышқа.
Ғарышқа ұшты ғарышкер.
Айтшы, ғарыш алыс па?*

2. Ойын тапсырма.

Игровое задание.

1. Екі топқа бөлініңіздер.
2. Әр топтан бір адам шығады.
3. Мұғалім бір жаңылтпашты бастап айтады.
4. Ойыншы жалғастыру керек.
5. Жақсы айтқан топ жеңеді.

1. Разделитесь на две группы.
2. С каждой группы выходит один человек.
3. Учитель начинает скороговорку.
4. Игрок должен продолжить.
5. Кто повторяет без ошибки, тот побеждает.

3. 245-беттегі сөздермен танысыңыз.

Познакомьтесь со словами на странице 245.

4. Әрекет атауларына сәйкес суретті нөмірлеңіз.

Пронумеруйте картинки в соответствии с действиями.

1. Билеу

2. Коньки тебу

3. Ән айту

4. Кітап оқу

5. Тауға шығу

6. Шаңғы тебу

7. Музыка тыңдау

8. Теледидар көру

9. Тамақ пісіру

10. Көлік жүргізу

11. Атқа міну

12. Гүл өсіру





Есте сақтаңыз!
Запомните!

ҚАШАН?

Дүйсенбі		Дүйсенбіде
Сейсенбі		Сейсенбіде
Сәрсенбі		Сәрсенбіде
Бейсенбі	Күні	Бейсенбіде
Жұма		Жұмада
Сенбі		Сенбіде
Жексенбі		Жексенбіде



5. Ақпаратты пайдаланыңыз. Үлгі бойынша Сәбит туралы айтыңыз.

Расскажите про Сабита по образцу, используя информацию.

Апта күндерін ретімен қолданыңыз.

Используйте дни недели по порядку.

Үлгі:

Ол жексенбіде саябақта серуендейді.

Ол жексенбі күні саябақта серуендейді.

Дүйсенбі, сурет салу

Сәрсенбі, кітап оқу

Жұма, ән тыңдау



Бейсенбі, ән айту

Сейсенбі, киноға бару

Сенбі, жүзу

Жексенбі, саябақта серуендеу

6. Өзіңіз туралы жазыңыз және айтыңыз.

Напишите и расскажите про себя.

Дүйсенбі,

Сейсенбі,

Сәрсенбі,

Жексенбі,

Бейсенбі,

Жұма,

Сенбі,

Мен

7. Екеуара жұмыс. Әріптесіңізден сұраңыз, топқа айтып беріңіз.

Работа в паре. Спросите другого слушателя и расскажите про него.

Сіз не істейсіз?

Дүйсенбі

Сейсенбі

Сәрсенбі

Бейсенбі

Жұма

Сенбі

Жексенбі

Ол дүйсенбі күні

VI БӨЛІМ

ОҚЫЛЫМ

1. Оқыңыз.

Прочитайте.



Асқар Өскемен қаласында тұрады. Ол 35 жаста. Ол Оқушылар сарайында жаттықтырушы болып жұмыс істейді. Ол спортты жақсы көреді. Мысалы, шаңғы тебуді, жүзуді, коньки тебуді және атқа мінуді ұнатады. Ол бос уақытында қыста шаңғы тебеді, жазда атқа мінеді. Оның отбасы да спортты жақсы көреді. Жұбайы жүгіруді, ұлы коньки тебуді, қызы билеуді ұнатады.

Дүйсенбі және сейсенбі күні – Оспановтар отбасы үшін спорт күні. Себебі сол күні Оспановтар отбасы жарысқа қатысады. Жарыс Семей қаласында өтеді. Жарысқа Асқар бассейн заттарын, ал жұбайы жақсы кроссовка, ұлы велосипед, қызы әдемі көйлек алып барады. Асқардың отбасына сәттілік тілейміз!

2. Мәтін мазмұны бойынша кестені толтырыңыз.

Заполните таблицу по тексту.

Кім?	_____
Қайда?	_____
Нені?	_____
Қашан?	_____
Не істейді?	_____

3. Асқар туралы өтінімді толтырыңыз.

Заполните заявку от имени Аскара.

Аты-жөніңіз:	_____			
Жасыңыз:	_____			
Қалаңыз:	_____			
Отбасы мүшелері:	_____			
Телефон нөміріңіз:	_____			
Отбасы мүшелері қандай секцияға қатысады?	_____	_____	_____	_____
Жазыңыз.	400 метрге жүгіру	100 метрге жүзу	Велоспорт	Гимнастика

4. Керек сөздерді қойыңыз. Оқыңыз.

Заполняйте нужными словами и прочитайте.

**Үлкендер мен жасөспірімдер**

Менің атым – Надя. Суретте менің досым – Олеся. Біз бір көшеде _____. Біздің үйіміз жақын. Біз бір мектепте _____. Ол 8-сыныпта, мен 9-сыныпта. Босуақытты бірге өткіземіз. Босуақытта саябақта серуендеуді және ән тыңдауды _____.

Олеся билеуді ұнатады және оның таланты бар. Ол болашақта биші болуды армандайды. Алайда, оның анасы биді ұнатпайды. Оның ойынша, билеу мамандық емес. Олесяға қалай көмектесемін? Не істеймін? Білмеймін.

5. Мәтінде не туралы айтылған жоқ?

О чем не было сказано в тексте?

☐ Екі дос туралы	☐ Ата-ана туралы	☐ Ата-ана мен бала туралы
☐ Арман туралы	☐ Білім туралы	

6. Екеуара жұмыс. Сұрақты талқылаңыздар.

Работа в паре. Обсудите вопрос.

Егер сіз Надя болсаңыз, Олесяға қалай көмектесер едіңіз?

7. Салыстырыңыз.

Сравните.

Үлгі: Асқар атқа мінуді ұнатады, мен ұнатпаймын.

шаңғы тебеді	жүгіру	коньки тебу	билеу	жүзу	шаңғы тебу	музыка тыңдау	саябақта серуендеу
--------------	--------	-------------	-------	------	------------	---------------	--------------------

ГРАММАТИКА

1. Ережемен танысыңыз.

Ознакомьтесь с правилом.

Табыс септік

Винительный падеж

228-бет

Мен Бәйтеректі көрдім.
Мен би билеуді ұнатамын.

228 стр.

2. Табыс септік жалғауын жалғаңыз.

Присоедините окончания винительного падежа.

1. кітапты, газет _____

2. би _____, ән _____

3. ән айту _____, кітап оқу _____

4. теледидар _____, компьютер _____

6. мамандық _____, киім _____

7. Абай _____, Сәкен _____

8. әжем _____, атаң _____

9. ауыл _____, Қазақстан _____

10. пәтер _____, үй _____

11. шаңғы _____, коньки _____

12. Түркістан _____, Балқаш _____

13. асхана _____, мейрамхана _____

14. қыс _____, күз _____



Есте сақтаңыз!
Запомните!

Бірақ

Алайда

3. Кестені пайдаланып, үлгі бойынша сөйлем құраңыз.

Составьте предложение, используя таблицу.

Үлгі: Арман кітап оқуды жақсы көреді, бірақ газет оқуды жақсы көрмейді.

№	Кітап оқу	Билеу	Тамақ пісіру	Атқа міну	Тауға шығу	Шаңғы тебу	Жүзу
Арман	+	-	-	+	+	-	+
Олеся	-	+	+	-	-	+	-
Қанат	+	-	+	+	-	+	+
Алексей	-	-	-	+	+	-	-

4. Дұрыс нұсқаны таңдаңыз.

Выберите правильный вариант.

1. Мен *сары алманы* / *сары алмаға* жақсы көремін.
2. Сен дүкенде жұмыс *істеу* / *істеуді* ұнатасың ба?
3. Менің досым шаңғы *тебуді* / *тебу* жақсы көреді.
4. Мен *жаңбырды* / *жаңбыр* ұнатамын.
5. Сіз *гүлдер* / *гүлдерді* жақсы көресіз бе?
6. Сен *жұмысыңды* / *жұмыста* ұнатасың ба?
7. Сіз *теледидар көрудің* / *теледидар көруді* жақсы көресіз бе?

5. Сөйлемдерді үлгі бойынша жазыңыз.

Напишите предложения по образцу.

1. Мен футболды ұнатамын. *Иә, мен футболды ұнатамын.*
2. Сен кітапты аласың. _____
3. Ол кино көреді. _____
4. Мен алманы ұнатамын. _____
5. Інім шахмат ойнауды ұнатады. _____
6. Сіз жемісті ұнатасыз. _____

6. Сөйлемдерді үлгі бойынша жазыңыз.

Напишите предложения по образцу.

1. Мен билеуді ұнатамын. *Жоқ, мен билеуді ұнатпаймын.*
2. Сен сүтті жақсы көресің. _____
3. Ол есепші болып жұмыс істейді. _____
4. Әжем ән айтуды ұнатады. _____
5. Сіз күндіз кітап оқуды жақсы көресіз. _____
6. Әкем газет оқуды ұнатады. _____

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...**1. Оқыңыз.**

Прочитайте.

	
Қайырлы таң!	Қайырлы күн!
	
Қайырлы кеш!	Қайырлы түн!

2. Топтық жұмыс. Берілген сөздерге сәйкес бір адам қимылдарды көрсетеді, екінші адам оны сөзбен айтады.

Работа в группе. Один человек с помощью мимики и движений показывает то, что обозначает слово, второй человек называет отгаданное слово.



ТЫҢДАЛЫМ

1. Тыңдаңыз, бос уақытын кім қалай өткізетінін жазыңыз.

Прослушайте и напишите, кто и как проводит свободное время.

№30




 Марат	 Айжан	 Ернар
 Тоғжан	 Сәуле	 Болат

2. Өлеңді тыңдаңыз. Суреттерді қарап, артығын сызып тастаңыз.

Прослушайте стихотворение. Рассмотрите рисунки и вычеркните лишнее.

№31



3. Тыңдаңыз. Әр мәтінге сай суретті табыңыз.

Прослушайте. Найдите картинки, соответствующие тексту.



№32





СӨЙЛЕСІМ

1. Екеуара жұмыс. Тірек сөздерді қолданып, сөйлесіңіздер.

Работа в паре. Поговорите друг с другом, используя опорные слова.

Бос уақытта не істеуді ұнатасыз?

Тауға шығу

Теледидар көру

Музыка тыңдау

Шаңғы тебу

Коньки тебу

Кітап оқу

Кинотеатрға бару

Ән салу

Билеу

2. Досыңыздың бос уақыты туралы әңгімелеп беріңіз.

Расскажите о том, как проводит свободное время ваш друг.

Бұл – менің досым. Оның аты –



ЖАЗЫЛЫМ

1. Берілген суреттерге байланысты диалог құрыңыз.

Составьте диалог по рисункам.





2. Сіз нені жақсы көресіз? Нені ұнатпайсыз? Салыстырып жазыңыз.

Напишите про себя. Что любите? Что не любите?



Мен бос уақытымда.....



2 - САБАҚ

БОСУАҚЫТТА НЕ МЕНАЙНАЛЫСАСЫЗ?

1. Топтық жұмыс.

Работа в группе.

1. Топқа бөлініңіздер.
2. Топтан бір адам төмендегі бір әріпті айтады.
3. Қай топ көп мысал айтады (жазады), сол топ жеңеді.
4. Әріп сөздің кез келген буынында болады.

1. Разделитесь по группам.
2. Один человек с группы озвучивает одну из нижеперечисленных букв.
3. Побеждает та группа, которая больше приведет (напишет) примеров.
4. Буква может быть в любом слоге.



Ә Ы І О Ө Ұ Ү Ң һ

2. 246-беттегі сөздермен танысыңыз.



Познакомьтесь со словами на странице 246.

3. Сөйлемдер құраңыз.

Составьте предложения.



1. Мен футболды ұнатамын.
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____



ОҚЫЛЫМ

1. Оқыңыз.

Прочитайте.



Менің атым – Гүлсім. Мен он бес жастамын. Мен бос уақытта теледидар көремін. Менің құрбымның аты – Ұлжан. Ол бос уақытында кітап оқуды ұнатады. Мен спортзалға аптасына екі рет – дүйсенбі және бейсенбі күндері барамын. Мен жүзумен айналысамын. Ал Ұлжан аптасына 2 рет – сейсенбі және жұма күндері йогамен айналысады. Ол теннисті жақсы көреді. Жексенбіде таңертең Ұлжанның теннис сабағы болады.

Бос уақытың бар ма?
Спортты жақсы көресің бе?
Ендеше, фитнесклубта бол!
Футбол, теннис, бокс, жүзу, шахмат,
йога, пилатес, би!

Түскі үзіліс кезінде келесің бе?
Секциялар аптасына екі рет, аптасына үш рет,
аптасына жеті рет!!!
Біз сенімен біргеміз!
«А-зона» фитнесклубы
Алматы қаласы, Майлин көшесі, 56-үй



VI БӨЛІМ

2. Бірінші мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Ответьте на вопросы по тексту №1.

1. Оның аты кім? _____
2. Неше жаста? _____
3. Ол аптасына екі рет қайда барады? _____
4. Бос уақытта не істейді? _____
5. Оның құрбысының аты Ұлжан ба? _____
6. Ол жексенбіде қайда барады? _____
7. Ол спортзалға қашан барады? _____



ГРАММАТИКА

1. Ережемен танысыңыз.

Ознакомьтесь с правилом.

КӨМЕКТЕС СЕПТІК

Предложный падеж

228-бет

228 стр.

Мен спортпен шұғылданамын.
Сен досыңмен тауға шығасың ба?

2. Сөйлем бөліктерін біріктіріп жазыңыз.

Соедините части предложений и напишите их.

Ол сіз		келесіз
Ол атасы		танысады
Мен футбол	+мен	айналысамын
Сіз қызыңыз	+пен	барады
Ол отбасы	+бен	шұғылданасың
Сіз мұғалім		бірге келеді
Сен спорт		билеңіз
Сіз жүзу		айналысасыз

1. Ол сізбен танысады.
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____

3. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

Выберите правильный вариант.

1. Сен мұғалімде / мұғаліммен барасың.
2. Менің ағамның / ағамда үйі бар.
3. Біз мәшиненің / мәшинемен барамыз.
4. Сіз Алматымен / Алматыда тұрасыз ба?
5. Сізді туған күніңізбен / күніңмен құттықтаймыз.
6. Мен музыканы / музыкамен ұнатамын.
7. Ол Айдарды / Айдармен барады.
8. Мен дәрігер / дәрігерді болып жұмыс істеймін.

4. Сөйлемді қажет сөздермен толықтырыңыз.

Дополните предложение нужными словами.



+пен



+пен



+бен



+пен



+пен

1. Мен күнде спортпен айналысамын.
2. Мен жұмысқа _____ барамын.
3. Мен _____ сурет саламын.
4. Мен сізді _____ құттықтаймын.
5. Сіз _____ шұғылданасыз ба?

5. Суреттерді сипаттаңыз.

Опишите рисунки.

	
1. <i>Мен теннис ойнаймын,</i> <i>футбол ойнамаймын.</i>	
	
3. _____	
	
5. _____	

	
2. _____	
	
4. _____	
	
6. _____	

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

1. Оқыңыз.

Прочитайте.

	
– Рақмет, қарағым, көп жаса! – Оқасы жоқ!	– Санжар, кешіріңіз, байқамай қалдым! – Ештеңе етпейді!

2. Екеуара жұмыс. Қажетті сөздерді айтып жаттығыңыз.

Работа в группе. Практикуйтесь, используя нужные слова.

<i>Бір-біріңізге көмек көрсетіңіздер.</i>	<i>Абайсызда біреумен соқтығысып қалдыңыз.</i>
	

ТЫҢДАЛЫМ

1. Тыңдаңыз, олардың жауабын жазыңыз.

Прослушайте, напишите их ответ.



Гүлшат	Әсем	Мұхтар	Қайрат

2. Тыңдаңыз. Суретке қараңыз. Естіген ақпаратты пайдаланып, жол кептелісінде уақытыңызды қалай өткізетінін айтыңыз.

Прослушайте. Посмотрите на картинку. Используя услышанную информацию, расскажите как проводите время, когда вы стоите в пробках.



Сіз мына жағдайда немен
айналысасыз?

СӨЙЛЕСІМ

1. Бос уақытыңызда немен айналысатыныңызды (досыңыздың немен айналысатынын) белгілеңіз.

Отметьте, чем вы занимаетесь в свободное время.

	Мен	Менің досым
Коньки тебу		
Тенниспен айналысу		
Футбол ойнау		
Кинотеатрда болу		
Жүзумен айналысу		
Кітап оқу		

2. Сұраққа жауап беріңіз.

Ответьте на вопрос.

Қай спорт түрімен айналысасыз?

Аптасына неше рет?

4. Екеуара жұмыс.

Работа в паре.

Тапсырма:

Екінші адамнан сұхбат алыңыз (3-5 сұрақты таңдаңыз).

Жауабын жазыңыз.

Жауаптарды топқа оқыңыз.

Мысалы: Оның аты – Ол болып жұмыс істейді. Оның екі ағасы және бір інісі бар. Ол аптасына бір рет кинотеатрға барады. Ол комедиялық фильмдерді жақсы көреді. Ол теннисті жақсы көреді. Ол бос уақытында сурет салуды ұнатады. Ол қуырдақты және қымызды ұнатады. Сенбі күні ол отбасымен велосипед тебуді және серуендеуді жақсы көреді.

Атыңыз кім?
Тегіңіз кім?

Ағаңыз/ ініңіз/ қарындасыңыз/
сіңліңіз бар ма?

Қай көшеде
тұрасыз?

Қай спортты
жақсы көресіз?

Бос уақытыңда немен
айналысасыз?

Қандай фильмді
жақсы көресің?

Қандай тамақ
жақсы көресіз?

Қандай сусын жақсы
көресіз?

Қандай фильмді
ұнатасыз?

Туған күніңіз
қашан?

Қай мезгілді жақсы
көресіз?

Аптаның қай күнін
жақсы көресіз?

Телефон нөміріңіз
қандай?

Кинотеатрға
барасыз ба?

Демалыс күндері
не істейсің?

VI БӨЛІМ

ЖАЗЫЛЫМ

1. Бос уақытыңызда не істейтініңізді жазыңыз.

Напишите, чем вы занимаетесь в свободное время.

Менің бос уақытым

Дүйсенбіде мен ...

Сейсенбіде

Сәрсенбіде

Бейсенбіде

Жұмада

Сенбіде

Жексенбіде

VII

БӨЛІМ

БІРІНШІ САБАҚ

АУА РАЙЫ

Кеше күн ыстық болды.

Грамматика:

- Барыс септік
- Өткен шақ

ЕКІНШІ САБАҚ

АУА РАЙЫ ҚАЛАЙ?

Жаңбыр жауып тұр.

Грамматика:

- Ауыспалы келер шақ
- Жатыс септік

1 - САБАҚ

АУА РАЙЫ

1. Дыбыстарды қайталаңыз.

Повторите звуки.

Ә Ы І О Ө Ұ Ү Ң Һ Қ Ғ

2. 247-беттегі сөздермен танысыңыз.

Познакомьтесь со словами на странице 247.

3. Керек сөздермен кестені толтырыңыз.

Заполните таблицу с нужными словами.

БОС УАҚЫТ	ДҮКЕН	ЖҰМЫС
<i>гүл өсіру</i>	<i>қымбат</i>	<i>ұжым</i>

Қажет сөздер:

сенбі күні	жеңілдік	атқа міну	серуендеу	отандық
мекеме	маман	гүл өсіру	ұжым	есепші
сатылым	айналысу	мұнайшы	қымбат	арзан

4. Суретке қарап, ауа райы қандай екенін жазыңыз.

Напишите о погоде в соответствии с рисунками



+27°



-9°



+5°



-30°

ыстық

5. Топтық жұмыс.

Работа в группе.

1. Жоғарыдағы ауа райына қатысты мәліметтерді пайдаланып, сұрақ дайындаңыз.

1. *Кеше ауа райы қандай болды?*

-
-
-
-
-
-
-

ОҚЫЛЫМ

1. Танысыңыз.

Знакомьтесь.



Өрмекші



Торғай



Бақа



Қарға



Сауысқан



Бал арасы

қарға қарқылдайды

сауысқан шықылықтайды

торғай шырылдайды

бақа бақылдайды

өрмекші тор тоқиды

бал арасы ызыңдайды



Есте сақтаңыз!
Запомните!

Егер + етістік + са/се

шырылдаса	бақылдаса	ұшса
қарқылдаса	тор тоқыса	ызыңдаса

2. Топтық жұмыс. Сіздер қалай ойлайсыздар?

Работа в группе. Как вы думаете?

Қарға қарқылдаса

1. Біздің ойымызша, қарға көп қарқылдаса, күн ыстық болады.

Торғай шырылдаса

2. Біздің ойымызша, торғай ұзақ шырылдаса...

Бақа бақылдаса

3. Біздің ойымызша, бақа күндіз бақылдаса...

Сауысқан шықылықтаса

4. Біздің ойымызша, таңертең сауысқан шықылықтаса...

3. Оқыңыз.

Прочитайте.

Құстар мен жәндіктер және ауа райы туралы мәлімет

Құс, жәндіктер ауа райы туралы мәлімет береді. Бұл туралы метеорологтар мәлімдейді.

Егер **қарға** үнемі жоғары дауыспен қарқылдаса, күн салқын болады екен.



Сауысқан таңертең ағашта отырып шықылықтаса, күн ашық, ыстық болады екен. Ал жерде шықылықтаса, күн бұлтты болады.

Торғай таңертең топ болып ұшса, күн ашық болады. Ал ұзақ шырылдаса, күн бұлтты болады екен.

Егер **бақа** қатты бақылдаса, күн бұлтты болады екен.

Егер **өрмекші** жаңа тор тоқыса, күн ашық және ыстық болады екен.

Бал арасы таңертең ерте ұшса, сол күні ауа райы жылы және күн ашық болады. Ал ұясына қайта-қайта кірсе, алысқа ұшпаса, күн бұлтты және салқын болады.

Енді өздеріңіз білетін ақпаратпен бөлісіңіздер. Құрылымдарды пайдаланыңыздар.

Менің ойымша,

Егер,

Менің білуімше,

4. Керек сөзді қойып, оқыңыз.

Поставьте нужные слова. Прочитайте.

шықтым, екен, болдым, болдық, болды, жоқпын, жоқпын, ашық, болған, салқын, көрдім.



Өткен аптада мен достарыммен бірге тауға
Біз Ассы жайлауына бардық. Ол жер өте әдемі және табиғаты тамаша Біз ол жерде бір күн, бір түн Ассы жайлауына Медеу арқылы жеке көлікпен бардым. Ол жердің жолы бірде жақсы, бірде нашар Мен жол туралы ойлаған
себебі табиғатты тамашалаумен болдым.

Ассы жайлауы мен үшін ең тамаша жер, себебі мұндай табиғатты басқа жерден көрген жоқпын. Айтпақшы, ауа райы өте тамаша болды. Күндіз күн бірақ ыстық жоқ. Түнде сәл болды. Түнде аспан ашық болды. Мен сол түні бірінші рет Үлкен аю және Кіші аю шоқжұлдыздарын
Бұл демалыс өте ташама демалыс болды.



5. Кестені толтырыңыз.

Заполните таблицу по тексту.

Не?	Қашан?	Қандай?	Қайда?
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____

6. Мәтінді III жақта оқыңыз.

Читайте текст от III лица.

Үлгі: Ол өткен аптада достарымен тауға шықты.

7. Мәтін бойынша 5 сұрақ дайындаңыз. Досыңызға қойыңыз, жауап алыңыз.

Составьте 5 вопросов по тексту и задайте другу.

8. Жауап беріңіз.

Ответьте на вопросы.

Сіз қайда бардыңыз?

Қашан бардыңыз?

Кіммен бардыңыз?


Ауа райы қалай болды?

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

Ертең оқуға кетемін, ата!

Жолың болсын, балам!





ГРАММАТИКА

1. Ережемен танысыңыз.

Ознакомьтесь с правилом.

БАРЫС СЕПТІК

Дательно-направленный падеж

230-бет

230 стр.

Мен қалаға барамын.

Ол тауға шығады.

2. Қажетті жалғауды жалғаңыз.

Присоедините нужные окончания.

		-қа, -ға	-ке, -ге		
1. Астанаға	жұмыс	қала	аудан	тау	ауыл
2. мектеп	әкімдік	концерт	үй	көше	пәтер

3. Сөздерді сәйкестендіріңіз.


Соедините слова.

ауруханаға	☐	☐	ыстық
тауда	☐	☐	келу
үйге	☐	☐	болу
күн	☐	☒	бару
тауға	☐	☐	жұмыс істеу
қалада	☐	☐	шығу
сенің	☐	☐	тұру
Асыңыз дәмді болсын! – (вам) Приятного аппетита! (в ед.числе)

V бөлім, 2-сабақ Азық-түлік

жеміс – фрукты
 алма – яблоко
 алмұрт – груша
 өрік – абрикос
 шие – вишня
 көкөніс – овощи
 картоп – картошка
қырыққабат – капуста
 пияз – лук
 қияр – огурец
 сәбіз – морковь
қызанақ – помидор
 түс – цвет
қоңыр – коричневый
жасыл – зеленый
қызыл – красный

сары – желтый
сарғыш – оранжевый, желтоватый
қышқыл – кислый
ащы – горький
дәмді – вкусный
баға – цена
беріңізші – дайте, пожалуйста
піскен – спелый
піспеген – не спелый
жұмсақ – мягкий
қатты – твердый
жеңілдік – скидка
дүкендер желісі – сеть магазинов
сұхбат – интервью
пайыз – процент

Келіп тұрыңыз! – Приходите еще!

Саудаңызға рақмет! – Спасибо за покупку!

VI бөлім, 1-сабақ Бос уақыт

бос уақыт – свободное время
 ән – песня
ән айту/ән салу – петь

би – танцы
билеу – танцевать
шаңғы – лыжи

шаңғы тебу – кататься на лыжах
коньки тебу – кататься на коньках
мұз айдыны – ледовый каток
тау – горы
тауға шығу – идти в горы
кітап – книга
оқу – читать
көру – смотреть
тыңдау – слушать
ұнату – нравиться
ұнатпау – не нравиться
жақсы көру – любить
жақсы көрмеу – не любить
дүйсенбі – понедельник
сейсенбі – вторник
сәрсенбі – среда

бейсенбі – четверг
жұма – пятница
сенбі – суббота
жексенбі – воскресенье
көлік жүргізу – водить машину
атқа міну – ездить верхом
саябақ – парк
жарысқа қатысу – участвовать на соревнованиях
сәттілік тілеу – пожелать удачи
өтінім – заявка
болашақ – будущее
армандау – мечтать
бірақ, алайда – но, однако
теледидар – телевизор
мінеки – вот, пожалуйста
не істеу? – что делать?

Қайырлы таң! – Доброе утро!

Қайырлы күн! – Добрый день!

Қайырлы кеш! – Добрый вечер!

Қайырлы түн! – Доброй ночи!

Туған күніңмен құттықтаймын! – Поздравляю с днем рождения!

VI бөлім, 2-сабақ **Бос уақытта немен айналысасыз?**

апта – неделя
дос – друг
құрбы – подруга
кешке – вечером
күндіз – днем
таңертең – утром
түнде – ночью
жүсте – в обед, в обеденное время
және – и
қашан? – когда?

кітапхана – библиотека
үйірме – секция
немен? – чем?
айналысу/шұғылдану – заниматься
болу – быть
жүзу – плавать
неше рет? – сколько раз?
жыл мезгілі – времена года
сусын – напиток

Аптасына неше рет? – Сколько раз в неделю?

Оқасы жоқ! – Не за что!

Ештеңе етпейді. – Ничего (страшного)

VII бөлім, 1-сабақ

Ауа райы

ауа райы – погода
ашық – открытый, ясный
аяз – мороз
бұлтты – облачный
жылы – жылы
құрғақ – сухой
бару – идти
келу – приходиться
салқын – прохладный
суық – холодно, холодный
ыстық – горячий, жарко
бүгін – сегодня
ертең – завтра
ерте – рано
кеше – вчера
күн – день, солнце
неге – почему?
онша емес – не очень, так себе
өте – очень

себебі – потому что
сондықтан – поэтому
содан кейін – после этого
қыстау – зимовать
биіктік – высота
апталап – неделями
аққу – лебедь
бұл емес – не это
сауатты жазу – писать грамотно
құрғақ ауарайы – сухая погода
мәлімет – информация
құс – птица
жәндік – насекомые
егер – если
ұзақ – длинный
жеңіл көлік – легковое авто
айтпақшы – кстати
шоқжұлдыз – созвездие
арқылы – через

Жолың (сәтті) болсын! – Счастливого пути! (тебе)

Жолыңыз (сәтті) болсын! – Счастливого пути! (вам, в ед.числе)

VII бөлім, 2-сабақ

Ауа райы қалай?

алдыңгүні – позавчера
келесі аптада – на следующей неделе
бүрсігүні – послезавтра
боран – метель, буран
жел – ветер
жыл мезгілі – время года
жаз – лето
көктем – весна
күз – осень
қыс – зима
қар – снег
жаңбыр – дождь

жауу – идти (дождь/снег)
соғу – дуть (ветру/метели)
келесі – следующий
оңтүстік – юг
солтүстік – север
батыс – запад
шығыс – восток
орталық – центральный
бұршақ – град
күн сәулесі – луч солнца
ылғал – влажный
найзағай – молния

VIII бөлім, 1-сабақ

Киім

аяқкиім – обувь
шалбар – брюки
шұлық – носки
баскиім – головной убор
белдемше – юбка
жейде – рубашка
костюм-шалбар – костюм
сөмке – сумка
көк – голубой
қара – черный
сұр – серый
кеш – вечер, вечеринка
кешкі – вечерний
қысқа – короткий
ұзын – длинный
әдемі – красивый
сәнді – модный
жарасу – подходить (быть к лицу, об одежде)

кию – одеть, надеть
тұсаукесер – презентация
екен – оказывается
күте тұрыңыз – подождите
көлем – размер
қолма-қол төлеу – оплатить наличными
сатушы – продавец
жең – рукава
жаға – воротник
түйме – пуговицы
қалта – карман
сыдырма – замок
бау – шнур
қолғап – перчатки
қалпақ – шляпа
көйлек – платье
мойынорағыш – шарф
күртеше – куртка

Бұл көйлек сізге өте жарасып тұр. – Это платье вам очень идет.
Игілігіңізге киіңіз! – Носите на здоровье!

VIII бөлім, 2-сабақ

Арнайы киімдер

ала – пестрый, разноцветный
аппақ – белоснежный, белый-пребелый
қалың – толстый
жеңі бар – с рукавами
жеңі жоқ – без рукавов
жеңіл – легкий
ыңғайлы – удобный
әйел адам – женщина
ер адам – мужчина
көзілдірік – очки
қолшатыр – зонт
спорттық аяқкиім – спортивная обувь, кроссовки

сән – мода
тым – слишком, черезчур
тағу – надеть
керек – надо, нужно, необходимо
қыстық киім – зимняя одежда
жаздық – летняя
күздік – осенняя
көктемгі – весенняя
ер адам киімі – мужская одежда
әйел адам киімі – женская одежда
арнайы киім – специальная одежда
әрине/әлбетте – конечно
әуекомпания – авиакомпания

IX бөлім, 1-сабақ

Менің сүйікті ісім

жүзу – плавание
суретке түсіру – фотографировать
сурет салу – рисовать
жүгіру – бегать
әуес іс – хобби
дүкен аралау – пройти по магазинам
тауға шығу – взбираться на гору
диплом жұмысы – дипломная работа
тақырып – тема
мақсат – цель
көңіл көтеру – поднять настроение

шаршау – усталость/уставать
мінез – характер
тәрбиелеу – воспитывать
әдемілік – красота
шыдамдылық – терпеливость;
выдержка
қолөнер – ремесло; рукоделие
шеберлік – мастерство
шынайы – реальный
қызықтыру – заинтересовывать
деп ойлау – так думать

IX бөлім, 2-сабақ

Сүйікті іс және кәсіп

қашан? қай уақытта? – когда?
ай сайын – каждый месяц
бұрын – раньше, давно
ешқашан – никогда
кең тараған – широко
распространенный
бақша өсіру – огородничество
іс тігу – шить
балық аулау – рыбалка
мүсін – скульптура
қаражат – финансы

кәсіп – ремесло
ғасыр – век
кейбір – некоторые
қызығушылық – интерес
ескіру – устаревать
бағдарлама – программа
бал арасы – пчела
омарта – пасека
сабын – мыло
ұлттық заттар – национальные изделия

X бөлім, 1-сабақ

Денсаулық – зор байлық

тамақтану – есть, кушать
бас тарту – отказаться
пайдалану – употреблять
дәріхана – аптека
дәрігер – врач/доктор
денсаулық – здоровье
тұмау – простуда
қызу – температура
кесу – порезать
ауру – болезнь/болеть
уақытында – вовремя
қуырылған – жареный
бұқтырылған – тушеный
майлы – жирный

ауыр жұмыс – тяжелая работа
әдет – привычка
қағида – правило, принцип
көңіл бөлу – уделять время
халыққа қызмет көрсету – центр
обслуживания населения
қызметкер – специалист
үнемі – постоянно
күш – сила
ыстық тамақ – горячая еда
қуаныш – радость
табыс – успех
ашық аспан – открытое небо

Х бөлім, 2-сабақ

Киім

ұйқы – сон
ерте тұру – просыпаться рано
мән беру – уделять внимание
қаншалықты – насколько
жүйке – нервы
тойып тамақ ішу – наедаться

әлеуметтік желі – социальная сеть
ересек адам – взрослый человек
ұйықтар алдында – перед сном
бұлшық ет – мышцы
ойлау қабілеті – способность к мышлению
ағза – организм

XI бөлім, 1-сабақ

Бейнелеу өнері

жобалау – предполагать
өнер көрсету – выступать на сцене
ақын – поэт
сықақшы – сатирик
мүсінші – скульптор
жазушы – писатель
сайқымазақ – клоун
сәулетші – архитектор
сиқыршы – волшебник
махаббат – любовь
әңгіме – рассказ
өлең жазу – писать стихи
туынды – произведение
суретші – художник
танымал, әйгілі, атақты – известный

шығарма – произведение
мұражай – музей
бейнелеу өнері – изобразительное искусство
сұлулық – красота
ерекеше – особенный
қара жұмысшы – рабочий
қылқалам – кисть
бағыт – направление
ашық түс – яркий цвет
сәулет өнері – архитектура
кескіндеме – живопись
безендіру – оформлять
бояу – краска, красить
бейнелеу – изображать

XI бөлім, 2-сабақ

Өнер иелері

көрме – выставка
сипаттау – изображать
ойлап табу – придумать
көркем фильм – художественный фильм
тарихи фильм – исторический фильм
деректі фильм – документальный фильм
шытырман оқиғалы фильм – детектив
қорқынышты фильмдер – фильмы ужасов
атау – название
басты рөл – главная роль
ұзақтығы – длительность

мазмұны – содержание
дәстүр – традиция
сезім – чувства
қайғыру – печалиться
қуану – радоваться
жан ашу – сочувствовать
ақын бейнесі – персонаж поэта
рөл сомдау – играть роли
қазіргі қоғам – нынешнее общество
аймақ – регион
айрықша – особенный
мұңаю – опечалиться
сахна – сцена

XII бөлім, 1-сабақ

Мерекелер

сабырлы – сдержанный
өмірлік сабақ – жизненный урок
түсіністік – взаимопонимание
құрметтеу – уважать
сақтау – сохранить
арман – мечта
кедей – бедный
Жеңіс күні – День Победы
Мемлекеттік рәміздер күні – День государственных символов
үйлену той – свадьба
сүндет той – обряд обрезания
құттықтау – поздравлять
ашықхат – открытка

сыйлау – уважать
күнтізбе – календарь
тілек тілеу – пожелание
шақыру – пригласить
қонақ – гость
мемлекеттік – государственный
отбасылық – семейный
ат қою – дать имя
бесік – колыбель
құрметті – уважаемый
мағынасы – значение
ұйымдастыру – организовать
жаппай қыдыру – массовое гуляние

XII бөлім, 2-сабақ

Әлем халықтарының мерекелері

тойлау, мерекелеу – праздновать
қызыл күн – красный день календаря
іс-шара – мероприятие
сәлем беру – здороваться
бас кезінде – в начале
ортасында – в середине
соңында – в конце

отшашу – фейерверк
қоғамдық орын – общественное место
қауыз – бассейн
қол алысу – здороваться за руку
амандасу – здороваться
үлкендер – взрослые
туысқандар – родственники

СӨЙЛЕСІМ ӘРЕКЕТІНЕ ҚОСЫМША

VIII бөлім. Киім. 121-беттегі 1-тапсырма.

Менің аты-жөнім – Ғалия Сұлтанқызы Қали. Мен отыз төрт жастамын. Мен тұрмыстамын. Күйеуімнің аты – Данияр.

Кеше Әлияның туған күні болды. Мен көк ұзын көйлек киіп бардым. Данияр ақ жейде, қара костюм-шалбар киіп барды.

VIII бөлім. Киім. 128-беттегі 1-тапсырма.

Менің аты-жөнім – Арман Нұрболұлы Болатбай. Мен жиырма бес жастамын. Мен үйленгенмін. Әйелімнің аты – Қарлығаш.

Кеше тұсаукесер болды. Мен тұсаукесерге көк костюм-шалбар, ақ жейде киіп бардым. Қарлығаш қоңыр түсті қысқа белдемше киіп барды.

CD-ДИСКІГЕ АРНАЛҒАН ТЫҢДАЛЫМ ТАПСЫРМАЛАРЫ. МРЗ

1-тапсырма. Первое задание.

Тыңдаңыз. Қайталаңыз.

Прослушайте. Повторяйте.

Он, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз.

2-тапсырма. Второе задание.

Тыңдаңыз және жазыңыз.

Прослушайте и напишите.

Әсем. Гауһар. Сәния. Ержан. Зейнеп. Асқар. Жауһар. Темірлан. Еркежан.

3-тапсырма. Третье задание.

Тыңдаңыз және бос орынды толтырыңыз.

Прослушайте и заполните пропуски.

А

- Сәлеметсіз бе!
- Сәлеметсіз бе!
- Халіңіз қалай?
- Жақсы.
- Сіздің атыңыз кім?
- Менің атым – Әсем. Сіздің атыңыз кім?
- Менің атым – Жасұлан.
- Жұмысыңыз қалай?
- Жақсы.

Ә

- Сәлем, Арай!
- Сәлем, Қайрат!
- Қалайсың?
- Жақсы. Өзің ше?
- Жақсы. Арай, танысып қой, бұл менің досым. Оның аты – Самат.
- Сәлем, Самат!
- Сәлем!

4-тапсырма. Четвертое задание.

Сандарды тыңдаңыз және жазыңыз.

Прослушайте цифры и запишите их.

Бес, үш, сегіз, жеті, он, бір, алты, төрт, екі, тоғыз.

5-тапсырма. Пятое задание.

Тыңдаңыз. Керек сөзді жазыңыз.

Прослушайте и впишите нужные слова.

- Сәлеметсіз бе, Ольга!
- Сәлеметсіз бе, Максим!
- Халіңіз қалай?
- Жаман емес. Өзіңіздің ше?
- Жақсы. Танысып қойыңыздар.
- Сәлеметсіз бе! Менің атым – Виктор.
- Менің атым – Ольга. Танысқаныма қуаныштымын.
- Мен де қуаныштымын.

6-тапсырма. Шестое задание.

Тыңдаңыз. Диалогте жоқ сөздерді табыңыз.

Прослушайте. Найдите слова, которых не было в диалоге.

- Алло.
- Сәлем, Асан. Қалайсың?
- Жақсы. Өзің қалайсың?
- Жаман емес. Асан, сенде Анар апайдың телефон нөмірі бар ма?
- Иә, бар. Үй телефоны бар.
- Жақсы. Нөмірі қандай?
- 2-25-65-45
- Рақмет!

7-тапсырма. Седьмое задание.

Тыңдаңыз. Жазыңыз.

Прослушайте. Напишите.

Ата, әже, әке, ана, аға, іні, әпке, қарындас, сіңлі, ұл, қыз.

8-тапсырма. Восьмое задание.

Сандарды тыңдаңыз және жазыңыз.

Прослушайте цифры и запишите их.

Жиырма, сегіз, он, жеті, отыз, бес, алты, қырық, төрт, елу

9-тапсырма. Девятое задание.

Тыңдаңыз. Қай сурет сәйкес келеді?

Прослушайте. Какая картинка подходит?

- Мынау – менің әпкем. Оның аты – Лида.
- Оның отбасы бар ма?

- Иә, оның бір ұлы, бір қызы бар.
- Бұл оның ұлы ма?
- Қайсы? Мынау ма?
- Иә, мына бала.
- Иә, ол оның ұлы. Оның аты – Саша.
- Бұл кім?
- Бұл оның күйеуі. Оның аты – Александр.

10-тапсырма. Десятое задание.

Сөздерді тыңдаңыз және қайталаңыз.

Прослушайте слова и повторите.

Әйел. Жұбай. Жолдас. Күйеу. Кісі. Кіші. Неше жаста? Тату. Үлкен. Шағын. Әдемі. Сүйкімді. Ақылды. Нешеде? Сексен жаста. Сіздің. Тоқсан.

11-тапсырма. Одиннадцатое задание.

Тыңдаңыз. Әңгіме кім туралы болды?

Прослушайте. О ком была речь?

Ол – боксшы. Ол 34 жаста. Оның әкесі, анасы бар. Ол үш ағайынды. Оның отбасы шағын. Оның жұбайы бар. Оның аты – Алина. Оның бір ұлы бар. Оның аты – Вадим.

12-тапсырма. Двенадцатое задание.

Тыңдаңыз. Андрейдің отбасы туралы айтыңыз.

Прослушайте. Расскажите про семью Андрея.

Сәлеметсіздер ме! Менің атым – Андрей. Фамилиям – Баринов. 47 жастамын. Мен сіздерге отбасым туралы айтып беремін. Менің отбасым үлкен. Жұбайымның аты – Елена. Ол 45 жаста. Менің екі ұлым, екі қызым бар. Үлкен ұлымның аты – Фёдор, ол – студент. Фёдор 20 жаста. Екінші ұлым – оқушы. Оның аты – Алексей. Алексей 15 жаста. Үлкен қызым – Екатерина. Ол 12 жаста. Ал кіші қызым – Анастасия 7 жаста.

13-тапсырма. Тринадцатое задание.

Тыңдаңыз. Керек сөзді жазыңыз.

Прослушайте. Впишите нужные слова.

Менің аты-жөнім – Қалыбеков Азамат Жалғасұлы. Жасым отыз бесте. Астана қаласы, Республика даңғылында тұрамын. Республика даңғылы Алматы ауданында. Отбасым шағын. Жұбайым отыз төрт жаста. Оның аты – Алмагүл. Ол емханада медбике болып жұмыс істейді. Үш балам бар. Үлкен ұлым Сәкен он жеті жаста. Ол жекеменшік университетте оқиды. Кіші ұлым Мәди мектепте оқиды. Ол он жаста. Қызым Әйгерім он екі жаста. Ол музыка мектебінде оқиды.

Ата-анам ауылда тұрады. Әкем мемлекеттік мекемеде жұмыс істейді. Ал анам мектепте мұғалім болып жұмыс істейді. Екі інім, бір қарындасым бар. Үлкен інім Атырау қаласында, ал кіші інім ауылда тұрады. Кіші інім мектепте мұғалім болып жұмыс істейді. Оның әйелі және екі баласы бар.

14-тапсырма. Четырнадцатое задание.

Диалогтерді тыңдаңыз және реттік сан есімдерді жазыңыз.

Прослушайте диалоги и впишите порядковые числительные.

1-диалог

- Сен нешінші үйде тұрасың?
- Қырық екінші.

2-диалог

- Сіз нешінші пәтерде тұрасыз?
- Жүз алтыншы пәтерде.

3-диалог

- Ол нешінші ықшамауданда тұрады?
- Төртінші ықшамауданда.

4-диалог

- Сенің ағаң қай көшеде тұрады?
- Бесінші көшеде.

5-диалог

- Айбек отбасында нешінші бала?
- Ол – үшінші. \

6-диалог

- Сіз нешінші үйде тұрасыз?
- Мен жүз екінші үйде тұрамын.

7-диалог

- Сенің әпкең нешінші пәтерде тұрады?
- Сексенінші пәтерде.

8-диалог

- Таңат Орал қаласында қай үйде тұрады?
- Таңат па? Үшінші үйде.

9-диалог

- Сіз нешінші ықшамауданда тұрасыз?
- Оныншы.

10-диалог

- Сенің атаң нешінші үйде тұрады?
- Ол кісі тоқсаныншы үйде тұрады.

15-тапсырма. Пятнадцатое задание.

Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Прослушайте. Ответьте на вопросы.

- Сәлеметсіз бе!
- Сәлеметсіз бе! Сіздің аты-жөніңіз кім?
- Марат Қайырбекұлы Серғазиев.
- Марат Қайырбекұлы Серға.....
- Сер-ға-зи-ев
- Марат Қайырбекұлы Серғазиев. Неше жастасыз?
- Мен жиырма сегіз жастамын.
- Қайда тұрасыз?
- Мен Қарағанды қаласында тұрамын.
- Мекенжайыңыз қандай?
- Абай көшесі, елуінші үй, жиырма тоғызыншы пәтер.
- М-м, Абай көшесі, елуінші үй. Нешінші пәтер?

- Жиырма тоғызыншы.
- Жақсы. Отбасыңыз бар ма?
- Иә, бар. Әйелім – Жазира. Ол жиырма алты жаста.
- Балаңыз ше?
- Иә, бір ұлым бар. Оның аты – Санжар. Ол бір жаста.
- Рақмет.

16-тапсырма. Шестнадцатое задание.

Сөздерді тыңдаңыз және қайталаңыз.

Прослушайте слова и повторите их.

Аспаз. Аудармашы. Ғалым. Дәрігер. Есепші. Жүргізуші. Заңгер. Оқытушы. Мұнайшы. Сатушы. Тілші. Іскер адам. Жұмыс істеймін. Жұмыс істейсің. Жұмыс істейсіз. Жұмыс істейді. Қаңтар. Ақпан. Наурыз. Сәуір. Мамыр. Маусым. Шілде. Тамыз. Қыркүйек. Қазан. Қараша. Желтоқсан.

17-тапсырма. Семнадцатое задание.

Тыңдаңыз. Дұрыс жауапты белгілеңіз.

Прослушайте. Отметьте правильные ответы.

Бұл – Әлия Асанқызы. Ол Алматы қаласында, Әуезов көшесінде тұрады. Оның туған күні жазда, 16 шілдеде. Ол мектепте мұғалім болып жұмыс істейді. Жолдасы – Самат, ол – жекеменшік емханада дәрігер. Баласының аты – Мақсат, мамандығы – заңгер. Мақсат мемлекеттік мекемеде жұмыс істейді. Қызы – Жұлдыз, есепші болып жұмыс істейді. Жұлдыз жекеменшік фирмада жұмыс істейді.

18-тапсырма. Восемнадцатое задание.

Мәтінді тыңдаңыз және мазмұны бойынша толықтырыңыз.

Прослушайте текст и дополните его по содержанию.

Менің аты-жөнім – Серік Ерланұлы. Мен отыз екі жастамын. Мен Есік қаласында, Қабанбай батыр көшесінде тұрамын. Мен газетте тілші болып жұмыс істеймін. Менің жұбайымның аты – Самал. Ол – аудармашы. Ол жекеменшік фирмада жұмыс істейді. Ұлым жеті жаста. Оның аты – Дәулет. Оның туған күні жазда, 31 тамызда. Ол бірінші сыныпта оқиды. Қызым Шолпан бес жаста. Оның туған күні қыста, 1 қаңтарда.

19-тапсырма. Деятнадцатое задание.

Сөздерді тыңдаңыз және қайталаңыз.

Прослушайте слова и повторите их.

Асхана. Аурухана. Әкімдік. Бойдақ. Дүкен. Емхана. Еңбек өтілі. Жас. Жыл. Мейрамхана. Мекеме. Мектеп. Мемлекеттік мекеме. Отбасы жағдайы. Тұрмыста. Тұрмыста емес. Ұйым. Үйленген. Түйіндеме. Жұмыс іздеп келу. Жұмыс істегім келеді.

20-тапсырма. Двадцатое задание.

Тыңдаңыз. Қайда? сұрағына жауап беретін сөздерді жазыңыз.

Прослушайте. Выпишите слова, отвечающие на вопрос куда?

Мен университетте оқытушымын. Ал менің анам ауруханада дәрігер. Әкем автопаркте жүргізуші болып жұмыс істейді. Қарындасым емханада есепші. Ағам мекемеде аудармашы. Азамат мұнай компаниясында жұмыс істейді.

21-тапсырма. Двадцать первое задание.

Дұрыс ақпаратты белгілеңіз.

Отметьте галочкой верную информацию.

Мен әкімдікте жұмыс істеймін. Мен мектепте мұғалім болып жұмыс істеймін. Менің екі ұлым бар. Мараттың еңбек өтілі – он жыл. Күйеуім отыз жаста. Ол дәрігер болып жұмыс істейді. Менің еңбек өтілім – бес жыл.

22-тапсырма. Двадцать второе задание.

Сөздерді тыңдаңыз. Қай сөздер айтылған жоқ? Жазыңыз.

Прослушайте. Какие слова не прозвучали? Напишите их.

Азық-түлік. Айран. Алу. Бару. Жоқ. Ет. Жұмыртқа. Иә. Кәмпит. Қаймақ. Қант. Шұжық. Ірімшік. Шырын. Май. Жеймін. Неше тұрады? Сатып алу.

23-тапсырма. Двадцать третье задание.

Тыңдаңыз. Дұрыс нұсқаны таңдаңыз.

Прослушайте. Выберите верный вариант.

- Алло!
- Алло, Айжан, қалайсың?
- Жақсы. Өзің ше?
- Жаман емес.
- Қайдасың?
- Үйде. Не жаңалық?
- Бүгін «Сулпакта» жеңілдік болады екен.
- Солай ма? Сен барасың ба?
- Иә, қазір барамын.
- Ендеше мен де барамын.
- Жарайды. Онда түскі асты бірге ішеміз.

24-тапсырма. Двадцать четвертое задание.

Дұрыс жауапты белгілеңіз.

Отметьте галочкой верные ответы.

Мен нан, ірімшік, май, айран сатып аламын. Қант, кәмпит, сүт сатып алмаймын.

25-тапсырма. Двадцать пятое задание.

Диалогті толықтырыңыз.

Дополните диалог.

- Дүкенде айран бар ма?
- Иә, бар.
- Сен сүт сатып аласың ба?
- Жоқ, алмаймын.

26-тапсырма. Двадцать шестое задание.

Сөздерді тыңдаңыз және қайталаңыз.

Прослушайте слова и повторите их.

Алма. Алмұрт. Ащы. Баға. Беріңізші. Дәмді. Жасыл. Жеміс. Картон. Келі. Көкөніс. Қияр. Қоңыр. Қызанақ. Қызыл. Қырыққабат. Қышқыл. Өрік. Пияз. Піскен. Піспеген. Сарғыш. Сары. Сәбіз. Түс. Шие.

27-тапсырма. Двадцать седьмое задание.

Диалогті тыңдаңыз. Жауабын жазыңыз.

Прослушайте диалоги. Впишите ответы.

1-диалог

- Алма қанша тұрады?
- Екі жүз теңге.

2-диалог

- Алмұрт қанша тұрады?
- Жүз елу теңге.

3-диалог

- Шие қанша тұрады?
- Жеті жүз теңге.

4-диалог

- Сәбіз қанша тұрады?
- Алпыс теңге.

5-диалог

- Пияз қанша тұрады?
 - Қырық теңге.
- #### 6-диалог
- Қырыққабат қанша тұрады?
 - Алпыс бес теңге.

7-диалог

- Картон қанша тұрады?
- Сексен теңге.

8-диалог

- Қызанақ қанша тұрады?
- Жүз теңге.

9-диалог

- Қияр қанша тұрады?
- Тоқсан теңге.

10-диалог

- Өрік қанша тұрады?
- Екі жүз елу теңге.

28-тапсырма. Двадцать восьмое задание.

Диалогті тыңдаңыз, толықтырыңыз.

Прослушайте диалог, дополните его.

Дәмді алма бар ма?

– Иә, бар.

– Бір келісі қанша тұрады?

– 200 теңге.

– Екі келі беріңізші.

– Мінеки. Келіп тұрыңыз.

– Рақмет. Сау болыңыз.

29-тапсырма. Двадцать девятое задание.

Диалогті тыңдап, сұраққа жауап беріңіз.

Прослушайте диалог, ответьте на вопрос.

– Қуаныш, сен не сатып аласың?

– Мен көкөніс сатып аламын.

– Қандай көкөніс аласың?

– 2 келі сәбіз, 1 келі пияз, 3 келі картоп.

30-тапсырма. Тридцатое задание.

Тыңдаңыз, бос уақытын кім қалай өткізетінін жазыңыз.

Прослушайте и напишите, кто и как проводит свободное время.

Менің атым – Марат. Мен бос уақытымда кітап оқуды ұнатамын.

Мен Айжанмын. Ән салуды жақсы көремін.

Атым – Ернар. Мен бос уақытымда спортпен шұғылдануды жақсы көремін. Жұмысым көп.

Менің атым – Тоғжан. Бос уақытымда теледидар көремін.

Менің атым – Сәуле. Би билеймін. Коньки тебемін.

Болатпын. Шаңғы тебуді жақсы көремін.

31-тапсырма. Тридцать первое задание.

Өлеңді тыңдаңыз. Суреттерді қарап, артығын сызып тастаңыз.

Прослушайте стихотворение. Рассмотрите рисунки и зачеркните лишнее.

– Дүйсенбіде кітап оқиды.

– Кім?

– Байгелді.

– Сейсенбіде билейді.

– Кім?

– Байгелді.

– Сәрсенбіде демалады.

– Кім?

– Байгелді.

– Бейсенбіде ән салады?

– Кім?

– Байгелді.

– Жұмада тауға шығады.

- Кім?
- Байгелді.
- Сенбіде шаңғы тебеді.
- Кім?
- Байгелді.
- Жексенбіде теледидар көреді.
- Кім?
- Байгелді.
- Жоқ, Жангелді!

32-тапсырма. Тридцать второе задание.

Тыңдаңыз. Әр мәтінге сай суретті табыңыз.

Прослушайте. Найдите картинки, соответствующие тексту.

№1. Менің атым – Гүлшат. Мынау менің құрбым – Кәмшат. Мен бос уақытымда тауға шығуды ұнатамын. Сенбіде мен құрбыммен тауға шығамын.

№2. Мен бос уақытымда билеуді жақсы көремін. Анам маған түнде билеме, күндіз биле дейді.

№3. Мен коньки теппеймін. Ән айтпаймын. Билеуді ұнатпаймын. Мен бос уақытымда теледидар көремін.

№4. Бос уақытымда кітап оқимын. Бір аптада екі кітап оқимын. Менің досым ән айтады.

33-тапсырма. Тридцать третье задание.

Тыңдаңыз, олардың жауабын жазыңыз.

Прослушайте, напишите их ответ.

- Гүлшат, сіз бос уақытыңызда немен шұғылданасыз?
- Мен музыканы жақсы көремін. Бос уақытымда музыка тыңдаймын.
- Қайрат, бос уақытыңызда не істейсіз?
- Тауға шығамын, шаңғы тебуді жақсы көремін.
- Әсем, сіз ше?
- Кітап оқимын.
- Мұхтар, бос уақытыңызда не істейсіз?
- Ән айтамын.

34-тапсырма. Тридцать четвертое задание.

Тыңдаңыз. Суретке қараңыз. Естіген ақпаратты пайдаланып, жол кептелісінде уақытыңызды қалай өткізгеніңізді айтыңыз.

Прослушайте. Посмотрите на картинку. Используя прослушанную информацию, расскажите как вы проводите время когда стоите в пробках.

- Демалыс күні қайда барамын деп ойлаймын.
- Мен досыммен сөйлесемін.
- Мен ән айтамын.
- Машинада DVD бар. Кино көремін.
- Мен радио тыңдаймын.

35-тапсырма. Тридцать пятое задание.

Тыңдаңыз. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

Прослушайте. Выберите правильный вариант.

- Сәлеметсіз бе, Арман!
- Сәлеметсіз бе, Әсел!
- Арман, сіз қайда бардыңыз?
- Мен Атырауға бардым.
- Ауа райы қандай болды?
- Күн ыстық болған жоқ.
- Қашан келдіңіз?
- Кеше келдім.

36-тапсырма. Тридцать шестое задание.

Тыңдаңыз. Ақпаратты дұрыстаңыз.

Прослушайте. Исправьте информацию.

Кеше күн суық болды. Дүйсенбіде ауа райы салқын болды. Күндіз күн бұлтты болды. Түсте күн ашық болған жоқ. Таңертең ауа райы салқын болды.

37-тапсырма. Тридцать седьмое задание.

Тыңдаңыз. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

Прослушайте. Выберите правильный вариант.

Мен кеше тауға шыққан жоқпын, себебі күн бұлтты болды. Кеше күн суық болды, сондықтан ол киноға барған жоқ. Ол кеше үйге келмеді, себебі тауға шықты.

38-тапсырма. Тридцать восьмое задание.

Тыңдаңыз. Диалогке сай қаланы белгілеңіз. Ауа райын жазыңыз.

Прослушайте. Отметьте город, о котором говорится в диалоге. Опишите погоду.

- Танысып қояйық, менің атым – Джон.
- Мария. Танысқаныма қуаныштымын!
- Кешіріңіз, Мария, «Бәйтерек» қай мемлекетте?
- Қазақстанда. Астанада.
- Сіз Астанада болдыңыз ба?
- Иә, болдым. Мен Астанада үш жыл тұрдым.
- Ауа райы қандай?
- Қыста өте суық, 40 градус аяз болады, ал жазда ыстық болады.

39-тапсырма. Тридцать девятое задание.

Тыңдаңыз. Ақпаратты дұрыстаңыз.

Прослушайте. Исправьте информацию.

- Сәлем, Гүлжан! Қалың қалай?
- Сәлем, Мақсат. Жақсы. Мақсат, сен сенбіде Бурабайға бардың ба?

- Иә, бардым. Бос уақытымды Бурабайда өткіздім.
- Күн жылы болды ма?
- Иә, күн ашық болды. Жаңбыр жауған жоқ. Ал сен бос уақытыңды қайда өткіздің?
- Сенбіде Алматыда күн суық болды, сондықтан мен үйде болдым.

40-тапсырма. Сороковое задание.

Тыңдаңыз. Сөздерді тиісті кестеге жазыңыз.

Прослушайте. Впишите слова в соответствующую таблицу.

Сатып алу. Қымбат. Көйлек. Қысқа. Кию. Әдемі. Жейде. Кешкі. Жарасу. Шалбар. Ұзын. Киін бару. Костюм-шалбар. Сөмке. Көру.

41-тапсырма. Сорок первое задание.

Тыңдаңыз. Кестені толтырыңыз.

Прослушайте. Заполните таблицу.

Менің екі балам бар. Ұлым 9 сыныпта, ал қызым 10 сыныпта оқиды. Олар сауда жасауды, дүкенге баруды ұнатады. Ай сайын достарымен дүкенге барады. Мен ақша беремін, олар өздері киім сатып алады. Бірақ олардың киімдері маған ұнамайды. Өйткені қызым үнемі қысқа белдемше немесе етегі қысқа көйлек сатып алады. Ал ұлым түрлі-түсті жейде мен өте тар джинс шалбарларын сатып алады. Неге мұндай киім аласыңдар? деп сұрасам, «Анашым, бұл сән» - деп жауап береді. Ал маған ұзын көйлек, жағалы жейде, кең әрі ұзын балақты шалбар және бір түсті киімдер ұнайды. Кішкентай кездері жақсы еді. Қандай киім сатып алып беремін, сол киімді киеді. Қазіргі балаларға қысқы әрі жылы киімдерді кигізу өте қиын. Қыста қалың бас киім ки, жылы киін, күн суық деген сөздерді күнде айтамын. Ал олардың жауабы: «Анашым, бұл сән». Не істеймін?

42-тапсырма. Сорок второе задание.

Тыңдаңыз. Тиісті нөмірді қойыңыз.

Прослушайте. Проставьте соответствующие цифры.

Әуекомпания және сән

Олар өте сұлу әрі сәнді киінеді. Олар әуекомпанияның мақтанышы. Олар міндетті түрде арнайы киім киеді.

1. Сингапур әуекомпаниясының киімі – ұзын жеңді ұлттық кимоно, блузка және белдемше.
2. Эйр Астана әуекомпаниясының киімі – көгілдір костюм-шалбар және белдемше. Қыздар мойынорамал тағады, ал жігіттер көк галстук тағады.
3. Катар әуекомпаниясының киімі – түсі қызыл қоңыр. Бас киім, костюм және белдемше.
4. Эмират әуекомпаниясының киімі – қызыл бас киім, ақ орамал және боз түсті костюм.
5. Британ әуекомпаниясының киімі – қою қара көк костюм, шалбар, белдемше және галстук.
6. Үндістан әуекомпаниясының киімі – сары костюм, қара шалбар және белдемше.

43-тапсырма. Сорок третье задание.

Тыңдаңыз. Керек сөздерді жазыңыз.

Прослушайте. Впишите нужные слова.

Диктор: – Қайырлы кеш, құрметті қонақтар мен көрермендер!

Көрермен: – Шапалақ даусы

Диктор: – Ұлттық арнада «Айтуға оңай» ток шоуы.

– Әрбір адамның сүйікті ісі болады. Сүйікті іс адамға қуаныш, бақыт сыйлайды деп ойлаймын. Бүгінгі тақырыбымыз «Сүйікті іс және біз»

Көрермен: – Шапалақ даусы

Диктор: – Студияға қонағымыз Сәуле Азаматқызын шақырамыз.

Көрермен: – Шапалақ даусы

Диктор: – Сәуле Азаматқызы, студиямызға қош келдіңіз.

Сәуле: – Қайырлы кеш!

Диктор: – Сәуле Азаматқызы, бірінші сұрағым: Сүйікті ісіңіз бар ма?

Сәуле: – Әрине, бар. Менің ойымша, барлық адамдардың сүйікті ісі болады. Өзім гүл өсіруді жақсы көремін.

Диктор: – Неге гүл өсіру?

Сәуле: – Себебі, гүл өсіру әдемілікке тәрбиелейді деп ойлаймын. Сосын гүл адамның көңілін көтереді және шаршауды басады.

Диктор: – Қандай гүлдер өсіресіз?

Сәуле: – Әртүрлі, бірақ раушан гүлін көп өсіремін.

Диктор: – Қалай ойлайсыз, қазіргі жастардың сүйікті ісі қандай?

Сәуле: – Музыка тыңдау деп ойлаймын, себебі олар үнемі құлаққаппен жүреді.

Диктор: – Иә, көшеде, автобуста... Келесі сұрағым ...

44-тапсырма. Сорок четвертое задание.

Тыңдаңыз. Сандарды жазыңыз.

Прослушайте. Впишите цифры.

Әуес ісі арқылы ақша жасаған адамдар

Энтони Швейгер – Канзас штатында тұрады. 3 сыныпта ол бал арасына қызығады, ата-анасы оған көмектеседі. Ең алғашқы балын базарда сатады. Ал қазір жылына 260 мың доллар табады. Бал сату оны бизнес жасауға үйретті.

Анна-Мария Файола Вашингтон штатында тұрады. Ол студент кезінде сабын жасауға қызықты. Сөйтіп ол сабын жасайды. 25 жасында өз бизнесін бастайды. Ол 2500 сабынның түрін шығарады. Қазір ол жылына 3 млн доллар табады. Ол бизнесіне өте қатал болу керек деп ойлайды. Алайда, ол өзі өте мейірімді. Кедей отбасыларына үнемі көмектеседі. Ол қайырымдылық жасау адамды мейірімділікке үйретеді деп ойлайды.

Асхат Батыс Қазақстанда тұрады. Жасы 45-те. Орта мектепте мұғалім болып жұмыс істейді. Ағаштан мүсін жасауды жақсы көреді. Ол ағаштан түрлі заттар жасайды. Қазір ұлттық ыдыстар жасайды. Оның өзінің жеке дүкені бар. Ол айына 2 мың доллар табады. Оның ойынша, қолөнер адамды шыдамдылыққа және ұқыптылыққа үйретеді.

45-тапсырма. Сорок пятое задание.

Тыңдаңыз. Толықтырыңыз. Оқыңыз.

Прослушайте. Дополните. Прочитайте.

Дұрыс тамақтану денсаулық кепілі. Бұны жақсы түсінеміз, алайда қазіргі кезде көп адамдар дұрыс тамақтанбайды. Мысалы, таңғы, түскі немесе кеші асты уақытында ішпейді. Себебі жұмыс уақыты сай келмейді немесе тамақтану уақытын дұрыс пайдаланбайды. Дәрігерлер дұрыс тамақтанудың бірнеше жолын ұсынады.

46-тапсырма. Сорок шестое задание.

Мәтіннің жалғасын тыңдаңыз. Белгілеңіз.

Прослушайте продолжение текста. Отметьте.

- кешкі сағат алтыдан кейін тамақ ішпеу;
- тіпті кешкі асты мүлдем ішпеу немесе жеңіл тағамдар ішу;
- таңғы және түскі асты уақытында ішу;

- жеміс және көкөністі көп пайдалану;
- майлы және тұзды тағамдардан бас тарту;
- күніне аздан 5 рет тамақтану;
- сүт тағамдарын ас мәзіріне қосу;
- күніне бір жарым литр су ішу;
- асықпай, ақырын тамақтану;
- бөліп тамақтану принципін ұстау.

47-тапсырма. Сорок седьмое задание.

Тыңдаңыз. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

Прослушайте. Выберите правильный вариант.

Адам ағзасы туралы қызықты деректер

Адам ағзасы құпияға толы. Біз ағзамызды толық білмейміз. Басымыз ауырады, тісіміз ауырады. Бұл аурулар қалай болатынын кейде білмейміз. Егер ағзамызды толық білсек, мүмкін аурулар болмас еді. Адам ағзасына қатысты қызықты мәліметтерді оқыңыз.

- көз бір күнде 100 000 рет қозғалады;
- аяқ осылай қозғалу үшін бір күнде 80 километр жүру керек;
- балалар көктем мезгілінде тез өседі;
- адам ағзасында 2000 дәм сезу рецепторы бар;
- адам миы 4 терабайтқа пара-пар;
- ересек адам күніне шамамен 23 000 рет тыныс алады;
- қол тырнақтары аяқ тырнақтарынан 4 есе тез өседі;
- сәбидің туғанда 300 сүйегі болады;
- көзі көк адамдар ауруды тез қабылдайды;
- адам көрген түсін 90% ұмытып қалады;
- бала жеті айға дейін бір уақытта жұтына және тыныстай алады.

48-тапсырма. Сорок восьмое задание.

Тыңдаңыз. Тиісті сөзді жазыңыз.

Прослушайте. Впишите нужные слова.

Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары

Сәулет өнері, мүсін өнері, кескіндеме, графика, дизайн бейнелеу өнерінің түрлері. Сәулет өнерін біз күнде көреміз. Себебі біз ғимараттарда өмір сүреміз, оқимыз және жұмыс істейміз. Сондықтан бізге оны өнер ретінде көру қиын.

Мүсін өнері түрлі заттарды, адамдарды бейнелейді. Мүсін өнеріне ағаш, тас, металл секілді материалдар қажет. Бұл өнер түріне көп уақыт және көп еңбек керек. Мүсін өнері де сәулет өнері секілді ұзақ сақталады.

Кескіндеме – әртүрлі бояумен орындалады. Суретті қағазға, картонға, тақтайға, матаға салады. Кескіндемеде акварель, гуашь, темпера, майлы бояу, пастель, сангина қолданылады. Кескіндеменің натюрморт, пейзаж, портрет және тақырыптық картина секілді жанрлары болады.

Біз графикамен барлық жерде кездесеміз. Мысалы, кітаптағы иллюстрациялар, газеттегі суреттемелер мен карикатуралар, көшедегі плакаттар. Графиканы сәулет өнері секілді күнделікті өмірімізде көреміз.

Дизайн – заттардың формасын ойлап табу. Барлық заттардың формасын дизайн мамандары жасайды. Мысалы, киім, ыдыс, машина, телефон. Бұл өнер түрі қазір танымал мамандық.

49-тапсырма. Сорок девятое задание.

Тыңдаңыз. Дұрыс жауапты таңдаңыз.

Прослушайте. Выберите правильный ответ.

«Көрікті мекен» фильмі – «Тянь-Шань» киностудиясының фильмі. Режиссері – Мақсат Кәдірхан. Бұл фильм Қытайда тұратын қазақтардың өмірімен байланысты фильм. Фильм Қазақстанға 2005 жылы келген екен. Бұл фильмнің Қазақстанда прокаты жақсы болған. Біраз кинотеатрларда көрсетілген және қазақ телеарналары сатып алған екен. «Көрікті мекен» қазіргі кезде «Қазақстан», «Хабар» телеарналарында көрсетіледі. «Көрікті мекен» әлемнің 27 мемлекетінде көрсетілген екен. «Тянь-Шань» киностудиясының директорының айтуы бойынша, 2006 жылы Қытай басшысы Америкаға барған сапарында Қытайдың таңдаулы 4 фильмін ала барған екен. Соның бірі осы «Көрікті мекен» болған екен. «Тянь-Шань» киностудиясының директоры осы фильмді Марокко, Тунис елдерінде көрсеткен. Олар қазақ халқы туралы көп нәрсені сұраған және қызығушылық танытқан.

50-тапсырма. Пятидесятое задание.

Тыңдаңыз. Тиісті сөзді жазыңыз.

Прослушайте. Впишите нужные слова.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні — ұлттық мереке. Ол Қазақстан Республикасының егеменді ел болған күні. Тәуелсіздік күні ерекесі әр жылдың 16-желтоқсанында тойланады. Бұл күн күнтізбеде демалыс күні болып беріледі. Осы күні әртүрлі сала мамандары мемлекеттік марапаттармен марапатталады. Бұл күні Қазақстанның барлық қалаларында мерекелік концерттер болады. 16-желтоқсан күні Қазақстанның барлық жерлерінде мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылады. Кешке қарай үлкен қалаларда отшашу болады. Тәуелсіздік — шет елдердегі қазақ халқы үшін де маңызы зор мереке.

51-тапсырма. Пятьдесят первое задание.

Тыңдаңыз. Ақпаратты анықтаңыз.

Прослушайте. Определите информацию.

Қазақстан халқы 2016 жылы 1 наурызда бірінші рет Алғыс айту мерекесін тойлады. Мереке қазақстандықтар үшін жаңа мереке. Бұл күні әрбір адам бір-біріне алғыс білдіреді, рақмет айтады, құрмет білдіреді. Бала әкесіне, немере атасына, халық жеріне, Отанына рақмет білдіреді. Алғыс айту күні – мейірімділіктің, достықтың және махаббаттың символы. Өзге ұлт өкілдері қазақ халқына өз рақметін айтады. Оның өз себебі және тарихы бар. Оларға қиын-қыстау кезеңінде қазақ халқы көмектесті.

Мұндай мереке Канада және Америка халықтарында бар. Ол Алғыс айту деп аталады. Оны бірінші рет 1621 жылы тойлаған. Бұл мерекені губернатор Уильям Брэдфорд адамдардың көңілін көтеру үшін ойлап табады. 1789 жылы Джордж Вашингтон Рақмет айту күнін «Ұлттық мереке» деп жариялаған. Бұл күні адамдар туыстарына сыйлық береді, дастарқан жайылады. Көшелерде мерекелік шаралар ұйымдастырылады.

52-тапсырма. Пятьдесят второе задание.

Тыңдаңыз. Тиісті сөздерді жазыңыз.

Прослушайте. Впишите соответствующие слова.

Бұл мереке жыл сайын қыркүйек айының бірінші сенбі және жексенбі күндері Аалсмеер қаласында өтеді. Бұл Голландия мемлекетінде орналасқан кішкене қала. Сол күні қала көшелері гүлге толады. Фестивальге Голландияның гүл өсірушілері қатысады. Олар қала көшелерінде гүлдерден әртүрлі жануарлардың, ертегі кейіпкерлерін жасайды. Бұл мереке әлемдегі ең әдемі мереке, себебі әртүрлі түстегі гүлдер мерекеге ерекше сән береді. Қала алаңында түрлі мерекелік концерттер ұйымдастырылады. Көшедегі машиналар, үйлер миллиондаған гүлдермен безендіріледі. Ол жерден қызғалдақ, раушан гүлі секілді гүлдердің көптеген түрлерін көре аласыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР СТ 1926-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру».
2. ҚР СТ 1928-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Базалық деңгей. Жалпы меңгеру».
3. ҚР СТ 1929-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру».
4. ҚР СТ 1925-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру».
5. ҚР СТ 1927-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Жоғары деңгей. Жалпы меңгеру».
6. Қазақ тілін оқытуға арналған типтік бағдарлама. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2012.
7. Қазақ тілінің грамматикалық анықтағышы. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2012.
8. Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011.
9. Қазақ тілін базалық деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011.
10. Қазақ тілін орта деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011.
11. Қазақ тілін ортадан жоғары деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011.
12. Қазақ тілін жоғары деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011.
13. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002.-784 бет.
14. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998.-509 бет
15. Ерназарова З.Ш., Мұхамадиева Н.Қ., Әшірова Б.С., Көшкенбаева Р.К., Тұңғатова Ғ. Ж. Елтану. Оқу құралы (орта және жалғастырушы топтар үшін). – Алматы, 2005 ж.
16. Өмірзақ. Т., Сансызбай Ә. Қазақ тілі. Оқу құралы. – Астана, 2006 ж.
17. Күзеева З. Қазақ тілі. Оқу құралы. (тілді оқып-үйренудің бастапқы кезеңіне арналған). – Алматы, 2005 ж.
18. Исаев С.М. Қазақ тілі. – Алматы, 2007 ж.
19. Д. Ақанова, А. Алдашева, З. Ахметжанова, Қ. Қадашева, Э. Сүлейменова. Ресми-іскери қазақ тілі. Бірінші-екінші-үшінші деңгей. – Алматы: Арман-ПВ, – 2010.
20. Мұрзалина Б., Нүрекеева С., Нұрғазина Г., Сағындықова С., Байтасова С. / Қазақ тілі. Оқу құралы. (ересектерге арналған жеделдетіп оқыту құралы). – Алматы, 2003 ж.
21. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 ж.
22. А. Салқынбай. Қазіргі қазақ тілі. Оқулық. – Алматы, 2008 ж.
23. Н. Оралбай, К.Құрманәлиев. Қазақ тілі. – Алматы, 2007 ж.
24. Н.Т. Сауранбаев редакциясымен, Орысша-қазақша сөздік. – Алматы, 1954 ж.
25. Құрманбаева Ш.Қ., Болатов С.Қ. Қазақша үйренеміз. Оқу құралы. Ересектерге мемлекеттік тілді жеделдете оқыту құралы. – Өскемен, 2007 ж.
26. Қ. Бектаев. Үлкен қазақша-орысша/орысша-қазақша сөздік. – Алматы, 1999 ж.
27. Р. Сыздықова. Емле және тыныс белгілері. – Алматы: Рауна, 1996 ж.
28. Ж.Қ. Түймебаев. Қазақ тілі. Грамматикалық анықтағыш. – Алматы, 2004 ж.

Редакциялағандар:

А. Әбдіхалықов
Ж. Бейсембаева
А. Бердикулова

Техникалық редакциясына жауаптылар:

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті академиясы Арнаулы-тактикалық факультетінің профессоры, ф.ғ.д. Алдаш Айманкүл Мырзалықызы;

Назарбаев Университеті Қазақ тілі, әдебиеті және мәдениеті кафедрасының профессоры, ф.ғ.д. Күзекова Зейнехан Сейітханқызы;

С. Демирел университеті Қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының доценті, ф.ғ.д. Жолшаева Майра Сатыбалдықызы.

Көркемдеуші дизайнер:

С. Тлемисов



Басуға 07.11.2016 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x90_{1/8} .Офсеттік басылым. Шартты б.т. 33,5
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №117

«Palitra Press» ЖШС-нде басылды.
050000, Алматы қаласы, Л.Хамиди көшесі,4а